

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{JOURNALS}

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 2

28 ФЕВРАЛЯ 2026

Астана, Казахстан



lrc-els.com

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

28 февраля 2026 г.
Астана, Казахстан

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18987506>

ГЕНЕРАЛ ЭРГЕШ АЛИЕВ – ТАРЫХЫЙ ИНСАН

ТЕМИРОВА МАРГУБА АБДЫЛДАЖАНОВА

«Б.Осмонов атындагы Жалал-Абад
мамлекеттик университети» илимий
билим берүү өндүрүштүк комплекси
Тмаг-1-24-тайпасынын магистранты

илимий жетекчиси т.и.к., доцент

АНАРБАЕВА ГУЛНАРА АБДУМАНАПОВНА

Аннотация. Бул илимий изилдөө Түштүк Кыргызстандын Улуу Ата Мекендик согуш (1941–1945) жылдарындагы социалдык-экономикалык, саясий жана маданий турмушуна арналат. Изилдөөдө согуш баиталгандан кийин региондо жаралган кырдаал, калктын мобилизациясы, тылдагы эмгек, жоокерлерге жардам көрсөтүү, азык-түлүк, кийим-кече, акча чогултуу жана госпиталдарга жардам көрсөтүү аракеттери кеңири баяндалат. Ошондой эле Түштүк Кыргызстандын жаштарынын жана аялдарынын тылдагы ролу, эмгек фронтундагы жетишкендиктери да анализделет. Изилдөө тарыхый булактарга, архивдик материалдарга жана согуш ардагерлеринин эскерүүлөрүнө таянуу менен жүргүзүлөт. Региондун элинин патриоттук духу, биримдиги жана фронт менен тылдын өз ара тыгыз байланышы кыргыз элинин Улуу Жеңишке кошкон салымын тереңирээк түшүнүүгө мүмкүнчүлүк берет. Бул иш Улуу Ата Мекендик согуштун тарыхындагы регионалдык өзгөчөлүктөрдү изилдөөгө жана келечек муундар үчүн тарыхый эс тутумду сактоого багытталган. Ошондой эле Улуу Ата Мекендик согуш жылдарында жалпы кыргыз элинин эркиндигин жана мамлекеттүүлүгүн коргоодо зор роль ойногон белгилүү аскер жетекчиси, генерал Эргеш Алиевдин өмүр жолу, тарыхый тагдыры жана эмгектери баяндалат. Анын ата мекенге болгон сүйүүсү, кайраттуулугу, мекенчилдиги азыркы жана келечек муундар үчүн үлгү болуп саналат. Кыргыз тарыхындагы улуу инсандардын бири катары генерал Алиевдин басып өткөн жолу тарыхый акыйкаттын күзгүсү катары илимий жактан талдоого алынат.

Ачык сөздөр: мамлекеттүүлүк, тарыхый инсан, аскер жетекчи, мекенчил, патриотизм, эрдик.

ГЕНЕРАЛ ЭРГЕШ АЛИЕВ – ИСТОРИЧЕСКИЙ ЛИЧНОСТЬ

ТЕМИРОВА МАРГУБА АБДЫЛДАЖАНОВА

Жалал-Абадский государственный
университет имени Б. Осмонова,
научно-образовательный комплекс
Магистрант группы Тмаг1-24

научный руководитель к.и.н., доцент

АНАРБАЕВА ГУЛНОРА АБДУМАНОПОВНА

Аннотация: Данное научное исследование посвящено социально-экономической, политической и культурной жизни южного Кыргызстана в годы Великой Отечественной войны (1941-1945). В исследовании подробно описывается ситуация, сложившаяся в регионе после начала войны, мобилизация населения, тыловой труд, помощь солдатам, продовольствие, ОФ "Международный научно-исследовательский центр "Endless Light in Science"

одежда, сбор средств и усилия по оказанию помощи госпиталям. Также будет проанализирована роль молодежи и женщин южного Кыргызстана в тылу, их достижения на трудовом фронте. Исследование проводится на основе исторических источников, архивных материалов и воспоминаний ветеранов войны. Патриотический дух народа региона, единство и тесная взаимосвязь фронта и тыла позволяют глубже понять вклад кыргызского народа в Великую Победу. Эта работа направлена на изучение региональных особенностей истории Великой Отечественной войны и сохранение исторической памяти для будущих поколений. Дальнейшем рассматривается жизненный путь и вклад известного кыргызского военного деятеля генерала Эргеша Алиева. Его судьба и героизм стали примером мужества и патриотизма, а также внесли значительный вклад в историю кыргызской государственности. Жизнь и деятельность генерала являются ценным уроком для молодежи, воспитывающим любовь к Родине.

Ключевые слова: *государственность, военачальник, патриотизм, мужество, историческая личность.*

Бүгүнкү күндө дүйнө жүзү алаканга салгандай кичирейип, адамзат тагдыры бир-бирине жипсиз байланган жашоо, массалык жалпылашууга өткөн заман, укмуштуудай тездик менен өнүккөн жогорку техника доору келди. Бул доор – адам баласынын акыл жөндөмдүүлүгүн эң жогорку жетишкендиги. Ушундай доорго дуушар болгон, тагдыры чиеленишкен 200 дөй өлкөнүн бүгүнкү күндөгү көйгөйү – ар биринин улуттук өзгөчөлүгүн, маданий руханий баалуулуктарын, тарыхын, тилин, улуттук каада салттарын сактап кала албагандыгы. Кылымдарды карыткан кыргыз эли эгемендүүлүккө жетишкенден баштап рухий баалуулуктары да бир топ жогорулады. Рухий баалуулуктун өнүгүшүндө азыркы күндө илим-билимдин, тарбиянын, тилди, маданиятты жана инсан таануу маселелерин окуп үйрөтүүнүн жаштарга тийгизген таасири өтө чоң болушу керек.

Инсан таануу кыргыз тарыхнаамасындагы жаңы илимий багыт болуп саналат. Казактын улуу жазуучусу – Олжас Сулейманов «Тарыхый өнүгүүсүндө «Улуу инсандарды жаратпаган эл, тарыхта өз миссиясын аткарган эл» - деп, так таамай айтканы баарыбызга белгилүү. Биздин кылымдарды карыткан карт тарыхы бар элибиз өзүнүн басып өткөн тарыхый жолунда көп улуу, тарыхый инсандарды жараткан. Ошондуктан, инсан таануу маселесинде изилдөөчүлөрдүн, саясатчылардын милдети канчалык ачуу болсо да кашкайган чындыкты айтуу. Ошондо гана биз келечек муунду туура тарбиялап, өнүгүү жолубузду туура аныктай алабыз. Жаңы саясий маданияттын калыптанышына өбөлгө түзөбүз. Инсан таануу менен алардын жаштарга берген илими билими тарбиясы өтө чоң. Себеби алрдын басып өткөн жолу өрнөктүү да өкүнүчтүү да. Айрыкча кыргыз мамлекттүүлүгүнүн түптөлүшүндө Улуу ата мекендик согушта эрдик көрсөткөн ата-бабаларыбыздын оорду тарыхта өтө чоң. Ошондой эле кыргыз элинин кылымдарды карыткан тарыхында мекенчил уул-кыздардын орду өзгөчө. 1941-жылдын 22-июнунда фашисттик Германиянын Советтер Союзуна каршы кол салышы менен башталган Улуу Ата-Мекендик согуш, СССР курамындагы бардык элдер сыяктуу эле кыргыз эли үчүн да оор сыноо болгон. Бул кандуу согушта Кыргызстан эли, өзгөчө Түштүк региону — Ош, Жалал-Абад, Баткен облустары — өз мекени үчүн жан аябай күрөшкөн. Эл жигердүүлүк менен фронтко жардам берип, тылда тынымсыз эмгектенип, кан майдандарга миңдеген жоокерлерди узаткан. Түштүк Кыргызстандын калкы согуш башталганда эле жоокер катары мобилизацияланган. Жалпысынан Кыргызстан боюнча 360 миңге жакын адам армияга алынган болсо, алардын ичинен он миңдеген адамдар Түштүк аймактардан болгон. Алардын басымдуу бөлүгү Фергана өрөөнүнүн айыл-кыштактарынан, Ош жана Жалал-Абад шаарларынан жөнөтүлгөн. Бул жоокерлер Сталинград, Москва, Курск, Берлин үчүн болгон салгылаштарда эрдик көрсөтүшкөн. Согуш учурунда Түштүк Кыргызстанда тылдагы эмгек негизги орунду ээлеген. Аймактын калкы айыл чарбасында иштеп,

фронтко азык-түлүк, кийим-кече, акча каражатын жөнөтүп турушкан. Ар бир үй-бүлө фронтко жардам берүүгө аракет кылган. Айрыкча пахта өстүрүү, мал чарбачылыгы жана жер-жемиштерди өндүрүү боюнча тылдын негизги күчү болгон. Мектеп окуучулары, аялдар, кары-картандар талаада иштеп, фронтко такай колдоо көрсөтүшкөн.

Ошондой эле аймакта эвакуацияланган завод-фабрикалар жана госпиталдар жайгаштырылган. Жалал-Абад жана Ош шаарларында фронттон келген жарадар жоокерлер дарыланган.

Ушундай мекенчил инсандардын катарында өзүнүн кайраттуулугу, аскердик таланты жана жетекчилик сапаттары менен айырмаланган генерал Эргеш Алиев да бар. Эргеш Алиев — Улуу Ата-Мекендик согуштун катышуучусу, Кыргызстандын алгачкы улуттук генералдарынан. Ал Түштүк Кыргызстандын көрүнүктүү инсандарынын бири болуп саналат. Бул кишинин басып өткөн тарыхый жолу биз үчүн, жаштар үчүн сыймыктуу жана өрнөктүү болуп саналат. Эргеш Алиев Улуу Ата-Мекендик согуш маалында өзгөчө кайраттуулугу, стратегиялык ой жүгүртүүсү жана лидерлик сапаттары менен айырмаланып, советтик армиянын курамында бир нече маанилүү операцияларга катышкан. Ал фронтто ар кандай кызматтарды аркалап, бөлүктөрдү башкарган. Согуштан кийин аскердик карьерасын улантып, жогорку даражаларга жетишкен. Көптөгөн медалдар жана ордендер менен сыйланган. Эргеш Алиев 1930-жылдардын башында Кыргызстандын Ноокен аймагында жарык дүйнөгө келген. Ал жаштайынан эмгекчил, мээнеткеч болуп чоңоёт. Экинчи дүйнөлүк согуштан кийинки оор жылдарда билим алып, кийин Совет Армиясынын катарына чакырылат. Армиядагы кызматы анын аскердик талантын ачып, командирлик сапаттарын чыңдайт. Э.Алиев өз мезгилинде кыргыз элинин ичинен генерал наамына жеткен сейрек уулдардын бири болгон. Ал советтик аскер системасындагы кыргыз улутундагы алгачкы генералдардын катарына кирип, республикабыздын тарыхында аскердик билимди өнүктүрүүгө, улуттук кадрларды даярдоого зор салым кошкон. Генералдын өмүр жолу жеңил болгон эмес. Ал советтик системанын катаал мыйзамдарын, саясий кырдаалды башынан өткөрүп, ошол шартта кыргыз уулунун намысын бийик көтөрүп чыккан. Анын тагдыры 1930–1950-жылдардагы кыргыз интеллигенциясынын башынан өткөргөн сыноолоруна тектеш. Өз мезгилинде «эл уулу» катары атын өчүрбөй, тескерисинче кыргыз элинин сыймыгына айланган. Эргеш Алиевдин аскердик ишмердиги менен катар коомдук-саясий турмушка кошкон салымы да чоң болгон. Ал улуттук кызыкчылыкты, мекенчилдикти жогору коюп, ар бир ишинде кыргыз элинин намысын коргогон. Анын татаал тагдыры бүгүнкү күндө жаштарды мекенчилдикке, ата журтту сүйүүгө тарбиялоодо чоң үлгү болуп саналат. Эргеш Алиев — кыргыз элинин арасынан чыккан алгачкы аскердик генералдардын бири катары тарыхта калган. Анын образы кыргыз элинин патриоттуулугунун, билимге жана кызматка умтулуусунун символу болуп эсептелет. Ал өзүнүн аскердик тажрыйбасы менен согуштан кийинки жаңы муундарга үлгү болгон. Кыргызстан эгемендүүлүккө жеткен соң генерал Э.Алиевдин аты кайрадан бааланып, анын өмүр жолу жана эмгектери боюнча илимий изилдөөлөр жүргүзүлүп, эскерүүлөр жазылып келет. Генерал Эргеш Алиев – кыргыз элинин эр жүрөк уулдарынын бири. Анын басып өткөн жолу тарыхый акыйкаттын күзгүсү болуп, келечек муунга сабак. Эрдиги, мекенчилдиги, улутка болгон сүйүүсү азыркы жаштарды патриоттуулукка тарбиялоодо зор мааниге ээ. Мекен үчүн кызмат кылуу – анын өмүрүнүн башкы максаты болгон. Ошондуктан генерал Э.Алиевдин өмүр жолу кыргыз мамлекеттүүлүгүнүн тарыхында алтын тамгалар менен жазылып калды.

Улуу Ата-Мекендик согуш жылдарында Түштүк Кыргызстандын эли мекенин коргоо үчүн ар тараптан колдоо көрсөтүп, зор салым кошкон. Жоокерлердин фронттогу эрдиги менен катар, тылдагы эмгекчилердин тынымсыз аракети да Женишке жол ачкан. Бул тарыхый мезгил элдин биримдигин, патриоттуулугун жана кайратмандыгын даңазалап турат.

АДАБИЯТТАР:

1. Осмон уулу А. Кыргызстандын тарыхый инсандары. – Бишкек: 2015.
2. Алиев Э. жөнүндө эскерүүлөр жана замандаштарынын маектери. – «Эркин Тоо» гезити.
3. Абдыкеримов, Т. Кыргыз эли Улуу Ата-Мекендик согушта (1941–1945). — Бишкек: "Турар", 2005.
4. Жолдошев, А. Кыргызстан согуш жылдарында. — Фрунзе: Кыргызстан басмасы, 1985.
5. Иманалиев, А. Эрдик жана Мекен: Тарыхый-даректүү макалалар жыйнагы. — Бишкек, 2010.
6. Мамлекеттик архив фонду. — Кыргыз Республикасынын Улуттук архиви. № ф.101, оп.3, д.217.
7. Сүйүнбаев, А. Улуу Жеңиш — элдик эрдиктин символу. — Бишкек: “Курал”, 2015.
8. Советбеков, М. Эргеш Алиев — генерал жана патриот. — Ош: “Нур”, 2007.
9. Кыргыз ССРинин энциклопедиясы. — Фрунзе: Главная редакция Кыргызской советской энциклопедии, 1984.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18987651>

XIX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ДӘСТҮРЛІ БИЛІК ИНСТИТУТТАРЫ ЖОЙЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ

ЕРАЛЫ БЕКЗАТ ҚАЙРАТУЛЫ

Астана Халықаралық Университетінің 7M02201 «Тарих» мамандығының 2-ші курс
магистранты

Ғылыми жетекшісі: Астана қ., Astana International University, Өнер және гуманитарлық
ғылымдар жоғары мектебі профессоры т.ғ.к. **ӨСКЕМБАЕВ Қ.С.**
Астана қаласы, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада XIX ғасырда қазақ жерінде дәстүрлі билік институттарының жойылу үдерісі және оның тарихи-саяси салдары қарастырылады. Зерттеуде Қазақ хандығындағы басқару жүйесінің ерекшеліктері, хандық биліктің әлсіреу себептері, Ресей империясының әкімшілік реформаларының қазақ қоғамына тигізген ықпалы талданады. Сонымен қатар 1822–1824 жылдардағы реформалардың нәтижесінде хандық биліктің жойылуы, аға сұлтандық басқару жүйесінің енгізілуі және оның қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістерге әсері қарастырылады. Мақалада осы тарихи үдерісті мектеп оқушыларына түсіндіруде заманауи білім беру технологияларын қолданудың маңыздылығы көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі билік жүйесінің жойылуының тарихи маңызын түсіндіруге және оны білім беру үдерісінде тиімді пайдалану жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: дәстүрлі билік институттары, Қазақ хандығы, хандық билік, Ресей империясының реформалары, 1822–1824 жылдардағы жарғылар, аға сұлтан, Кенесары қозғалысы, қазақ қоғамы, тарихи білім беру, заманауи технологиялар.

Осы жұмыстың өзектілігі қазіргі заманғы Қазақстанның саяси жүйесі мен ұлттық идентификациясын тереңірек түсіну үшін осы тарихи кезеңнің маңыздылығын зерттеуде жатыр. Өйткені, бұл кезеңдегі оқиғалар қазақ қоғамының саяси эволюциясын анықтап, бүгінгі күні де өзекті болып отырған көптеген әлеуметтік және саяси мәселелердің бастауына жол ашты. Менің ойымша, XIX ғасырдағы дәстүрлі билік институттарының жойылуының себептері мен салдарын талдау қазіргі заманғы Қазақстанның саяси тарихын түсінуге және ұлттық құндылықтар мен тәуелсіздік жолындағы күреске жаңаша көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – XIX ғасырда Қазақстандағы дәстүрлі билік институттарының жойылу процесін жан-жақты зерттеп, оның тарихи, саяси және әлеуметтік салдарын анықтау. Жұмыстың нәтижесі Қазақстанның саяси тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі – дәстүрлі билік жүйесінің жойылуын түсінуге мүмкіндік береді, бұл қазіргі заманғы мемлекеттік басқару жүйесінің тарихи негіздерін тереңірек зерттеуге ықпал етеді.

Қазақ хандығының дәстүрлі басқару жүйесінде Керейден бастап Тәуке ханға дейінгі аралықта бір ханға бүкіл халық пен ел бағынды. Тәуке хан қайтыс болған соң Қазақ хандығында сеператизм күшейді. Әр жүздің өзінің дербес хандары пайда болды. Бұл уақытты Келте хандар дәуірі деп те атауға болады. Ұлы жүзде: Жолбарыс, Орта жүзде: Сәмеке Болат Күшік, Кіші жүзде: Әбілқайыр. Қазақ хандығы 1465-1847 жылдар аралығында өмір сүрді деп айтуға болады. Жалпы Қазақ хандығының тарихын екіге бөліп қарастырамыз: Біртұтас Қазақ хандығы: 1465-1715/1718 жылдар аралығы, Керей мен Жәнібектен бастап-Тәуке ханға дейін аралықты айтамыз. Ал Біртұтас емес Қазақ хандығы 1715/1718-1847 Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайырдан бастап-Кенесарыға дейін дейінгі аралықты қамтиды. Ұлы хан мәртебесі қазақ билеушілерінің халықаралық байланыстарын бақылауға және біріздендіруге мүмкіндік берді. Ол мемлекеттің символы болды

және ресми түрде сұлтандар мен старшындар кеңесін шақырып, оларға төрағалық етті. Осындай мүмкіндіктерді қолда ұстау үшін Ұлы ханның орнына таласу қазақ ақсүйектерінің арасында өзара талас-тартысты тудырды. «Хан» лауазымы жойылған соң Шыңғыс ұрпақтары «аға сұлтан» атануға барын салды. Ұлы далаға жаңа әкімшілік жүйе енгізу мақсатында Ресей билеушілері ойлап тапқан бұл итаршы әрекет билеуші әулеттер арасында да, тіпті әулеттің өз ішінде де алауыздықты үдетті. Сонымен қатар, аға сұлтандардың арасында «қарадан шыққандар» да пайда болды. Көп ұзамай хандық жойылып, төре тұқымы арасында наразылық күшейді. Оны Абылай ұлдарының бірі Қасым сұлтанның отбасы мүшелерінің әрекетінен айқын көруге болады. Оларға басқалар да қосылды, бірақ ауызбіршілік пен ортақ мақсат болмады. Оның үстіне қазақтар мен Ресей күштері тең емес еді. Соған қарамастан, қазақтардың азаттық үшін шайқасы, салыстырмалы түрде, 1824 жылдан бастап жүз жылдықтың соңына дейін – Ресей империясының Орта Азия хандықтарын жаулап алу кезеңіне дейін жалғасты [1, 10 б].

Қазақ хандарын, ең болмағанда, Хан кеңесіне төрағалық ету; сыртқы саясаттағы өзекті мәселелерді талқылау; бәтуаластыққа қол жеткізу қатарлы мәселелерде Ұлы ханның болуы қажеттігі туралы ой біріктірді. Ұлы хан – текті, ақсүйек тұқымы, беделді болуы тиіс. Егер оның тектілігі айқын болмаса, мысалы, Әбілқайыр хан сияқты (1748 жылы қайтыс болған), онда кем дегенде, хандықтың қауіпсіздігіне үлес қосып, ірі әскери шайқастарда, көрші мемлекеттермен дипломатиялық келіссөздерде ерекшеленуі арқылы бедел жинауы керек еді. Орыс әкімшілігі И.Неплюев арқылы хандар арасындағы Ұлы хандыққа ұмтылу туралы өз көзқарасын білдірді: «Қырғыз халқында ұлы хан болу тек пайдалы ғана емес, сонымен қатар зиянды да болуы мүмкін». Бір қызығы Қазақ хандығының 200 жылдық тарихында Ресей өз шекаралық аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өзара қырқысқан қазақ билеушілерін татуластыруға тырысқан кездері де болды. Цин империясы қазақ хандарының барлық қайшылықтарын ескере отырып, тұтастай алғанда, билеушілердің шектеулі тобымен – өздері мойындаған бір ғана ханмен іс жүргізуді қалады. Бұл ханның көзі тірісінде олар басқа сұлтандардың хан тағына таласын ресми түрде қабылдамады. Мысалы, Абылайды хан ретінде танып, Әбілмәмбеттің ұлы Болаттың хандық дәрежесін мойындау және бекітуге қатысты өтініштерін қабылдамады. Әбілфейіз сұлтанға князь деген мағынаны беретін «ван» атағы берілді. Бұл атақ өте жоғары болды, бірақ «хан» лауазымына жетпеді, дәрежесі жағынан төмен еді.

Император Цяньлун Абылай өлген соң оның ұлы Уәли сұлтанның таққа отыруын қолдап, қалған барлық үміткерден бас тартқаны белгілі. Соған қарамастан Цин Үкіметі тынышсыз Шыңжаң шекарасындағы өзге шонжарлармен байланысты үзуге асықпады. Ал Цин билігі басқалардың «хан» болуынан бас тартуын Уәли сұлтанның «өтінішті» бірінші беруімен, сол себепті де император өз жарлығы арқылы Абылай ханның тұңғышына «хан» атағын «бекіткенімен» түсіндірді. Бір сөзбен айтқанда, техникалық сылтау айтты. Хан болу – билеушілердің жеке амбициясына сай келді, бірақ «хан» атағы ханның билік ететін тәуелсіз хандығының болуын талап етеді. Бұл – қазақ мемлекеттілігін сақтап қалудың объективті жағы еді. Ғұбайдолла Цин императоры ұсынған «Хан» дәрежесінен бас тарту хатына жеке мөрін негебаспағанын нақты білмейміз. Бәлкім ол кезде қолында болмады ма, әлде мөр жасатып үлгермеді ме, әлде әдейі баспады ма, ол жағы әзірге жұмбақ. Әдетте, мұндай құжаттарға мөр басылғаны туралы деректер жазылады. (Автордың ескертпесі: Айтпақшы, бұл құжат сол кездегі аудармасымен берілген, ал түпнұсқасы Қазақстан Республикасының ОММ-да сақталған. 1989 жылы осы құжат толық аударылған күннен бастап Қазақстан тарихы бойынша бірде-бір маман түпнұсқаға қызығушылық танытпады. Оны тіпті араб графикасынан кириллицаға көшірмеді. Түпнұсқа ма, жоқ па дегенді тексерген де жоқ. Бір қызығы бүгінде ешкім «татар» тіліндегі құжаттардың түпнұсқасымен жүйелі айналыспайды [2, 119 б].

1822-1824 жылдардағы реформалар. 1824 жылы Ұлы даладағы реформалардан кейін сұлтандық жоғарғы таптың құқықтары мен міндеттері Ресей империясының заңдары ретінде қарастырылып, Орынбор шекара комиссиясының ресми құжатында тұжырымдалды. Бұл шамамен 1730-1840 жылдар аралығындағы Ресейдегі адалдық институтының даму эволюциясын көрсетеді. Құжат 8 тармақтан тұрады:

Бірінші тармақ – төре тұқымы болсын, қарапайым азамат болсын түтін (шаңырақ) басы 1 рубль 50 тиын күміс ақша төлейтін «Түтін салығы». Ол үшін әрбір болыс, әрбір округ нақты түтін (шаңырақ) са-нын анықтауы қажет болды. Бірақ ол кезде бұған Орынбордың да, Омбы әкімшілігінің де құзыреті жетпеді. Ресей әкімшілігінің өзінде Орынбор мен оларға бағынышты Сібір қазақтарына қатысты көптеген түсініспеушілік болды. Кенесары көтерілісінің басты себептерінің бірі де осы түтін салығын төлеуден үзілді-кесілді бас тарту болатын. Бұл қаржының ішінде орданы басқарудың кеңсе жұмысына, басшылардың марапаты мен жалақысына жұмсалғаны болды. Екінші тармақ – төрелердің өз пайдасы үшін зекет жинауына тыйым салынды. Яғни малдың белгілі бір мөлшерінен алынатын жылқы, қой т.б. секілді заттай салық. Кенесары мұндай жинақты сұлтан мен ханның қасиетті құқығы деп есептеді. Көшпелілер дәстүр бойынша өз малының санына қарай салық төлейтін. Кенесары қол астындағылар мен жауларынан ең алдымен зекетті малмен, ал егіншілерден егіннің 1/10 бөлігі көлемінде ұшыр жинады. Яғни мал шаруашылығы мен егін шаруашылығынан табиғи өнім күйінде салық жинауды қолға алды. Көшпелі қоғамға тауар-ақша қатынасы әлі тереңдей ене қоймағандықтан, ханның алым-салығы түсініспеушілік пен наразылыққа ұшырады. Бұл наразылық ірі малшылардың да, қарапайым көшпелілердің де мүддесін біріктірді. Үшінші және жетінші тармақтар – қылмыстық құқық бұзушылықтарға қатысты. Алайда Кенесары қылмыстық істерге саяси астар беріп, сол арқылы олардың патша үкіметі алдындағы салмағын едәуір арттыра түсті. Қылмыстық жауапкершілікке көбінде жазықсыздар тартылды. Бұл тараулар далада тек тыныштықты қалпына келтірмей, ру-тайпалар арасындағы және сұлтандардың онсыз да қызғаныш пен күдікке толы қарым-қатынасын шиеленістіре түсті. Орыс шекара әскерлерінің «Әскери іздестірулері» көбінесе әділетсіз болды. Үкімет олардың шығынын қазақтардан тәркілеген мал-мүлік есебінен жабуды ұйғарды. «Әскери іздестіру» шығынын бұлай өтеу өрескел қиянат саналып, халықты патша үкіметіне қарсы күреске итермеледі. Тінту кезінде қазақ балаларын ұрлап әкетіп, басқа елдерге құлдыққа сатқандар да болды. Төртінші тармақ – Шекара комиссиясы сот ісін жүргізу тәртібін бекітті. Бұл заң негізінен көшпеліқоғамда билер институтын жойып, хан-сұлтандардың сот істерінде жоғарғы төрелік ету құқығына нұқсан келтірді. Дәстүрлі биліктің тағы бір тармағы жоғарғы феодалдық топтың қолынан алынды. Бесінші тармақ – қашқын орыстар мен қалмақтарды, татарлар мен башқұрттарды қатаңжазалады. Осы халықтардың барлық өкілі үнемі Кенесары лагерінде болды. Қашқындар да, қашпақ болған тұтқындар да күшпен ұсталды. Олардың арасындағы іс жүргізуші татар молдалар, қолөнершілермен қару ұсталары айрықша бағаланды. Орысша айтқанда, Кенесары «татарларды» түрмеден босатуға ұмтылды. Кейде кейбірін туысым деп (мысалы, ол Арынғазыны туған інісіндей көрді) атады. Орынбор мен Омбы арасында тұтқынға түскен орыстар немесе орыс тұтқынына түскен қазақтар туралы хат алмасулар екі жақтың қарым-қатынас тарихында алмасхан бүкіл хаттың маңызды бөлігін иеленді. Алтыншы тармақ – сыртқы байланыстарға қатысты болды. Қазақ феодалдарының құқығын шектеп, Орта Азия мен Қытай шекарасының аумағы бекітілгеннен кейін де үнемі бұзылатын бұл тармақтың мәтінін толық беру маңызды: «Орыс монархына адалдығыңызды сақтай отырып, Ресей өзіне жау санайтын адамдармен және үкіметтермен осы ант негізінде барлық қарым-қатынасты тоқтатуыңыз керек. Сондықтан көрші елдермен жасырын қарым-қатынас жасамайсыз. Егер ондайқажеттілік туындаған жағдайда сіз тек Шекара комиссиясының келісімімен ғана байланыс орната аласыз». Сегізінші тармақ – өз-өзіне хан атағын беруге тыйым салынған: «Сізге де, Сұлтан мырза,

Сіздің туыстарыңызға да, жақтастарыңызға да, ордалықтардың ешқайсысына да үкіметтен сыйланбаған немесе одан тағайындау туралы ешқандай мәлімдеме берілмеген атақ-дәрежені иемденуге және өз-өзін атауға, сондай-ақ жоғары мәртебелінің мейірімімен марапат ретінде берілмеген киімдерді киіп, белгілерді тағуға рұқсат етілмейді» [3.1, 214 б].

Қазақ жерінде дәстүрлі билік институттарының жойылуының нәтижесінде Хандық билік жойылды. І Александр патша 1822-1824 жылдардағы реформаларды бекітті. Сібір қырғыздары (қазақтары) туралы жарғыны генерал-губернатор М.М.Сперанский мен бұрынғы декабрист Г.С.Батеньков дайындады. 1822 жылғы 22 маусымдағы патша жарлығы бойынша Аға сұлтанды тек сұлтандардың өздері, ал оның екі заседателін билер мен старшындар ғана сайлайтын. Бұл Шыңғыс ұрпақтарының ең соңғы артықшылығы еді. Әр округте аға сұлтан басқаратын Округтік приказ (мекеме) құрылды. Оның құрамына Омбы облыстық басқарма бастығы тағайындайтын ресейлік екі заседатель және сайланып қойылатын екі «құрметті қазақ» қатысуға тиісті болды. Ішкі күзет Сібір казактарынан іріктелді. 32 жылдан кейін Ресей императоры І Николайдың реформасы бойынша Аға сұлтан қызметіне сұлтандар ғана емес, кез-келген адамға саулануға рұқсат берілді. Бұл Шыңғыс ұрпақтарының соңғы артықшылығының жойылуына әкеліп соқтырды. 1822 жылы Орынбор өлкесінің губернаторы П.К.Эссен Ресей астанасына “Орынбор қырғыздары жөніндегі Жарғының” жобасын жөнелтті. Бұл кезде Кіші жүзде Шерғазы хан еді. Шерғазы хан Орынборға шақыртылып алынды. Орынбор қырғыздары туралы жарғыны Орынбор өлкесінің губернаторы П.К.Эссен дайындады. Жарғы бойынша әр үйге салынатын түтін салығының мөлшері 1,5 күміс ақшаға тең болды [3.2, 220 б].

Аталған реформаның теріс жақтарын талдасақ, болыс сайлауы орыс шенеуніктерінің ықыласын сатып алу сияқты жиіркенішті құбылысқа айналып кетті. Аға сұлтан қызметіне қарапайым халықты сайлануға рұқсат берген кезде төрелер мен рубасылар арасында араздастық күшейді. Қазақ жерінде, оның ішінде Орта жүзде сайлау кезінде жаппай жемқорлық орын алып, қазақтардың арасында бір-біріне деген наразылықтар күшейді. Қазақтардың көші-қон шеңбері тарылды [3.3, 231 б].

1822-1824 жылғы жарғылардың оң нәтижесіне де тоқталайық. Кіші жүзде басқарушы сұлтандар жанынан шешек ауруына қарсы егу жұмыстарын іске асыратын қазақ-фельдшері тағайындалды. 1822 жылғы жарғы бойынша округ тұрғындарының балаларын Ресейдің ішкі аумағындағы губернияларға оқу құқығы берілді. Бірақ қазақтар балаларының орыстанып кетуі мен шоқынып кетуіне алаңдаушылық білдірді. Орта жүзде әр округте 2 емші жұмыс істей бастады. Тұрақты түрде жұмыс жасайтын ауруханалар жұмысын бастады. Шешу ауруына қарсы егу жұмыстары басталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Казахская степь Оренбургского ведомства как объект реформ: опыт Российской империи по управлению окраиной\Избасарова.Г.Б 2018. 10-12 б
2. Дала билеушілері дипломатиясы\Хафизова.К 2022. 119-120 б
3. Образ жизни казахов степных округов\М.И.Красовский 2006. 183-232б
4. Қазақ ауылы-отарлық кезеңде\Т.Тоғжанов 2007. 166-190 б

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18988006>

КҮЛТЕГІН ЖАЗУЫНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ

Б.Ы.БЕРДАЛЫ

Абай атындағы ҚазҰПУ

Тарих және құқық факультеті

7M01603-Тарих: тарих біліміндегі цифрлық технологиялар мамандығының 2 курс
магистранты

Аннотация: В статье анализируется педагогическое значение исторического мировоззрения древних тюрков на основе письменных памятников Орхонского круга, прежде всего Күлтегинской надписи. Историческое сознание древних тюрков рассматривается как целостная система воспитательных представлений, направленных на формирование гражданской ответственности, патриотизма, коллективной солидарности и уважения к исторической памяти. Показано, что исторические тексты выполняли не только хроникальную, но и ярко выраженную дидактическую функцию, передавая будущим поколениям социальный опыт, политические уроки и нравственные ценности. Особое внимание уделяется таким педагогическим категориям, как пример-образец, единство личности и общества, приоритет разума и мудрости в управлении государством. Делается вывод о том, что историческое мировоззрение древних тюрков может рассматриваться как ранняя форма национальной педагогической мысли и важный источник для современного патриотического и гражданского воспитания.

Ключевые слова: древние тюрки, историческое мировоззрение, педагогическое значение, Күлтегинская надпись, историческая память, гражданское воспитание, национальная педагогика, патриотизм.

Abstract. The article examines the pedagogical significance of the historical worldview of the ancient Turks based on the Orkhon inscriptions, with particular emphasis on the Kül Tigin inscription. The historical consciousness of the ancient Turks is analyzed as an integrated system of educational ideas aimed at fostering civic responsibility, patriotism, social unity, and respect for historical memory. The study demonstrates that historical narratives served not only as chronicles but also as didactic texts transmitting moral values, political experience, and social lessons to future generations. Special attention is given to pedagogical concepts such as moral exemplarity, the relationship between the individual and society, and the role of wisdom and reason in governance. The article concludes that the historical worldview of the ancient Turks represents an early form of national pedagogical thought and constitutes a valuable source for contemporary civic and patriotic education.

Keywords: ancient Turks, historical worldview, pedagogical significance, Kül Tigin inscription, historical memory, civic education, national pedagogy, patriotism.

Байырғы түркі өркениетінің рухани-мәдени мұрасын айқындайтын ең маңызды жазба ескерткіштердің бірі - Күлтегін жазуы. Бұл тарихи дерек VIII ғасырдағы Түркі қағанатының саяси, әлеуметтік және рухани болмысын ғана сипаттап қоймай, сонымен қатар байырғы түркілердің тарихи санасы мен тәрбиелік дүниетанымының мазмұнын ашып көрсетеді. Күлтегін жазуы - түркі халқының өткенін зерделеу, бүгінін түсіну және болашақ ұрпақты тәрбиелеу мақсатын көздеген идеологиялық-педагогикалық мәтін ретінде ерекше мәнге ие.

Күлтегін жазуындағы тарихи көзқарастың негізінде тарихи жад пен сабақтастық идеясы жатыр. Жазбада түркі халқының қалай қалыптасқаны, қандай қиындықтарды бастан өткергені

және мемлекет ретінде қалай күшейгені баяндалады. Бұл тарихи баяндау кездейсоқ емес, ол ұрпақ санасында өткенді ұмытпау, ата-баба тәжірибесінен сабақ алу қажеттігін көрсетуге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Күлтегін жазуы тарихи білімді тәрбиелік құрал ретінде пайдаланудың ерте үлгісі болып табылады.

Байырғы түркілердің тарихи көзқарасында ел бірлігі мен мемлекет тұтастығы басты құндылық ретінде көрінеді. Жазбада қаған мен бектердің жауапкершілігі, халықтың ынтымағы мен тәртібі мемлекеттің қуатының негізгі шарты ретінде сипатталады. Ел ішіндегі алауыздықтың, басшылардың немқұрайлылығының халықты күйреуге ұшырататыны ашық айтылады. Бұл ойлар педагогикалық тұрғыдан қарастырғанда азаматтық тәрбие мен қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған маңызды идеялар болып табылады.

Күлтегін жазуындағы педагогикалық идеялардың өзегін тәрбие мен өнегенің тарихи үлгі арқылы берілуі құрайды. Жазбада Күлтегіннің ерлігі, Білге қағанның даналығы, ел үшін жанын пиде еткен батырлардың іс-әрекеті үлгі ретінде ұсынылады. Бұл - тұлға тәрбиесінде үлгі-өнегені басты әдіс ретінде қолданудың айқын көрінісі. Байырғы түркі педагогикалық ойында жас ұрпақты батырлыққа, адалдыққа, елге қызмет етуге тәрбиелеу негізгі мақсат ретінде қойылған.

Сонымен қатар Күлтегін жазуында білім мен ақыл-ойдың құндылығы ерекше атап өтіледі. Қағанның халыққа арнаған үндеулерінде тек күшке емес, ақылға, көрегендікке сүйену қажеттігі баса айтылады. Бұл көзқарас байырғы түркілерде интеллектуалдық тәрбиенің де маңызды болғанын көрсетеді. Ақылды басшы мен саналы халық елдің болашағын айқындайтын негізгі фактор ретінде бағаланады.

Жазба мәтінде жеке тұлға мен қоғамның өзара байланысы терең философиялық деңгейде көрініс тапқан. Қаған мен батырлардың тағдыры халық тағдырымен біртұтас қарастырылады. Бұл - ұжымдық санаға негізделген тәрбиенің көрінісі. Байырғы түркілердің педагогикалық дүниетанымында жеке мүдде емес, ел мүддесі жоғары қойылған, ал бұл қағида қазіргі азаматтық және патриоттық тәрбие теорияларымен мазмұндық тұрғыдан үндеседі.

Күлтегін жазуындағы тағы бір маңызды педагогикалық идея - тарихи жауапкершілік пен болашаққа аманат ұғымы. Жазба болашақ ұрпаққа арналып қашалған, онда «тыңда, біл» деген үндеулер жиі кездеседі. Бұл - білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, тарихи тәжірибені сақтап қалу қажеттігін білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда, Күлтегін жазуы - тарихи-педагогикалық мәтін ретінде тәрбиенің уақыттан тыс мәнге ие екенін дәлелдейді.

Күлтегін жазуындағы байырғы түркілердің тарихи көзқарасы мемлекетшілдік, бірлік, ерлік, ақыл-парасат және тарихи жад идеяларына негізделген. Бұл көзқарастар педагогикалық тұрғыдан жас ұрпақты елін сүйуге, жауапкершілікке, даналыққа тәрбиелеуді мақсат етеді. Сондықтан Күлтегін жазуы байырғы түркі педагогикалық ойының бастау көзі әрі қазіргі ұлттық тәрбие жүйесі үшін құнды рухани-әдістемелік негіз болып табылады.

Байырғы түркілердің тарихи көзқарасы - түркі өркениетінің дүниетанымдық негізін айқындайтын маңызды рухани құбылыс. Ол тек өткен оқиғаларды баяндау емес, тарихи жад арқылы ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған кешенді идеялар жүйесі болып табылады. Байырғы түркілер тарихты мемлекеттілік пен халықтың бірлігі, ел басқару тәжірибесі және рухани құндылықтар тұрғысынан бағалап, оны болашақ ұрпаққа тағылым ретінде жеткізуді басты мақсат еткен. Осы тұрғыдан алғанда, байырғы түркілердің тарихи көзқарасы айқын педагогикалық мәнге ие.

Байырғы түркі тарихи санасының негізгі ерекшелігі - тарихты тәрбие құралы ретінде қабылдау. Түркі жазба ескерткіштерінде өткен оқиғалар кездейсоқ баяндалмайды, олар нақты өнегелік мақсатпен таңдалып, болашақ ұрпаққа сабақ болатындай мазмұнда беріледі. Бұл тәсілде тарих ұлттың рухани тәжірибесін жинақтайтын, тәрбиелік қызмет атқаратын әлеуметтік институт

ретінде көрінеді. Мұндай көзқарас қазіргі педагогикадағы тарихи сананы қалыптастыру, азаматтық тәрбие беру қағидаттарымен толық үндеседі.

Байырғы түркілердің тарихи көзқарасының педагогикалық мәні ең алдымен ел бірлігі мен мемлекетшілдік идеясын тәрбиелеуінен көрінеді. Тарихи баяндауларда ел ішіндегі алауыздықтың апатқа алып келетіні, ал бірлік пен тәртіптің мемлекетті күшейтетіні нақты мысалдар арқылы көрсетіледі. Бұл идеялар жас ұрпаққа қоғамдық жауапкершілік, ортақ мүддені жеке бастың пайдасынан жоғары қою сияқты азаматтық қасиеттерді сіңіруге бағытталған. Демек, байырғы түркі тарихы - ұжымдық сананы тәрбиелеудің маңызды құралы.

Тарихи көзқарастың педагогикалық мазмұнында тұлғалық үлгі мен өнеге ерекше орын алады. Байырғы түркілер батырлар мен билеушілердің өмір жолын, ел үшін жасаған қызметін ұрпаққа үлгі ретінде ұсынды. Мұнда тәрбиенің басты әдісі ретінде өнеге көрсету, тұлғаның іс-әрекеті арқылы ықпал ету тәсілі қолданылған. Бұл қағида қазіргі педагогикадағы үлгі арқылы тәрбиелеу, тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамаларымен сабақтас.

Сонымен қатар байырғы түркілердің тарихи көзқарасында ақыл-парасат пен даналықтың тәрбиелік мәні айқын байқалады. Тарихи мәтіндерде тек батырлық емес, ақылды шешім қабылдау, көрегендік, болашақты болжай білу қасиеттері жоғары бағаланады. Бұл көзқарас интеллектуалдық тәрбиенің ерте қалыптасқанын көрсетеді. Түркілер үшін күш пен ақыл бір-бірін толықтыратын құндылықтар болған, ал бұл ұстаным қазіргі кешенді тұлға тәрбиелеу теорияларымен үйлеседі.

Байырғы түркілердің тарихи көзқарасының маңызды педагогикалық қыры – тарихи жад пен ұрпақтар сабақтастығы идеясы. Өткенді есте сақтау, ата-баба тәжірибесін құрметтеу болашақтың кепілі ретінде қарастырылды. Тарихи ескерткіштердегі болашақ ұрпаққа арналған үндеулер тәрбиенің уақыттан тыс, үздіксіз үдеріс екенін көрсетеді. Бұл идея бүгінгі педагогикадағы өмір бойы білім алу, мәдени жадты сақтау тұжырымдамаларымен мазмұндық тұрғыда сәйкес келеді.

Сондай-ақ байырғы түркілердің тарихи көзқарасы патриоттық тәрбие негізін қалады. Ел, жер, халық тағдыры ұғымдары тарихи баяндаулардың өзегіне айналып, жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталды. Бұл патриотизм шовинистік сипатта емес, ел алдындағы жауапкершілік пен қызмет ету идеясымен ұштасып отырды. Мұндай түсінік қазіргі азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұнын байыта алады.

Қорытындылай келе, байырғы түркілердің тарихи көзқарасының педагогикалық мәні оның тәрбиелік бағыттылығымен, өнегелік мазмұнымен және ұрпақ санасын қалыптастыруға арналған идеологиялық қуатымен айқындалады. Тарихты ұлттың рухани тәжірибесі ретінде түсіну, ел бірлігі мен тұлғалық жауапкершілікті дәріптеу, ақыл мен ерлікті қатар тәрбиелеу қағидаттары байырғы түркі педагогикалық ойының іргетасын құрады. Бұл мұра қазіргі ұлттық тәрбие жүйесін дамытуда маңызды теориялық және әдістемелік негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Күлтегін. Күлтегін жазуы (Орхон ескерткіштері) / ауд., түсіндірме, ғылыми сараптама. – Алматы: Атамұра, 2001.
2. Білге қаған. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. – Алматы: Ғылым, 1991.
3. Василий Радлов. Древнетюркские надписи Монголии. – Санкт-Петербург, 1897.
4. Сергей Малов. Памятники древнетюркской письменности. – Москва–Ленинград: АН СССР, 1951.
5. Лев Гумилёв. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967.
6. Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985.
7. Мырзатай Жолдасбеков. Орхон ескерткіштері және қазақ руханияты. – Алматы: Атамұра, 2003.
8. Немат Келімбетов. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991.
9. Самат Өтениязов. Түркі өркениеті және ұлттық тәрбие. – Алматы, 2010.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18988034>

УӘЛИХАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХИ КОНТЕКСТІ

Д.М. ОЛЖАБАЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ

Тарих және құқық факультеті

7M01603-Тарих: тарих біліміндегі цифрлық технологиялар мамандығының 2 курс
магистранты

Мақалада XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дәстүрлі институттарының тарихи сипаты қарастырылады. Ру-тайпалық жүйе, билер, батырлар және ақсақалдар институттарының қоғамдық, саяси және тәрбиелік қызметі талданады. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі батырлар институтының ғылыми түсіндірмесі ашылып, оның әлеуметтік-саяси және педагогикалық мәні айқындалады. Зерттеу нәтижесінде батырлар институтының ұлттық бірлік пен халықтық тәрбие жүйесіндегі орны көрсетіліп, Уәлиханов мұрасының қазіргі тарихи-педагогикалық зерттеулер үшін маңызы негізделеді.

Кілт сөздер: қазақ қоғамы, дәстүрлі институттар, батырлар институты, билер институты, Шоқан Уәлиханов, XIX ғасыр, халықтық тәрбие, тарихи педагогика.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности социальной структуры казахского общества XIX века и роль традиционных институтов в его развитии. Анализируется функционирование родоплеменной системы, институтов биев, батыров и аксакалов как социально-политических и воспитательных механизмов. Особое внимание уделяется научному наследию Шокана Валиханова, в котором институт батыров представлен как важный элемент общественной организации и народного воспитания. Результаты исследования показывают значение батыров в укреплении национального единства и формировании ценностных ориентиров, а также актуальность идей Валиханова для современной историко-педагогической науки.

Ключевые слова: казахское общество, традиционные институты, институт батыров, би, Шоқан Валиханов, XIX век, народное воспитание, историческая педагогика.

Abstract. The article examines the social structure of Kazakh society in the 19th century and the role of traditional institutions in its development. The study analyzes the tribal system and the institutions of biys, batyrs, and elders as socio-political and educational mechanisms. Particular attention is paid to the scholarly heritage of Shokan Valikhanov, where the batyr institution is interpreted as an essential component of social organization and folk pedagogy. The findings highlight the importance of batyrs in strengthening national unity and shaping moral values, as well as the relevance of Valikhanov's ideas for contemporary historical and pedagogical research.

Keywords: Kazakh society, traditional institutions, batyr institution, biys, Shokan Valikhanov, 19th century, folk education, historical pedagogy.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дәстүрлі институттары көшпелі өркениеттің тарихи дамуы барысында қалыптасқан қоғамдық қатынастар жүйесін айқын көрсетеді. Бұл кезеңде қазақ қоғамы бір жағынан дәстүрлі әлеуметтік-саяси институттарын сақтап қалуға ұмтылса, екінші жағынан Ресей империясының отарлық саясатының ықпалымен елеулі өзгерістерге ұшырады. Сондықтан XIX ғасырдағы әлеуметтік құрылымды зерттеу қазақ

қоғамының ішкі эволюциясын және сыртқы ықпалдармен өзара әрекетін түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының негізін ру-тайпалық жүйе құрады. Бұл жүйе қандас туыстыққа, ортақ шығу тегіне және тарихи жадқа сүйенді. Әлеуметтік қатынастардың басты реттеушісі ру ішіндегі дәстүрлер мен әдет-ғұрып нормалары болды. Рулық құрылым қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етіп, адамдар арасындағы өзара көмек пен жауапкершілікті нығайтты. Осы тұрғыдан алғанда, ру жүйесі тек әлеуметтік ұйым емес, сонымен қатар халықтық тәрбиенің де маңызды алаңы қызметін атқарды.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамында әлеуметтік құрылым иерархиялық сипатта болды. Оның жоғарғы сатысында төре әулеті мен сұлтандар тұрды. Олар хандық биліктің мұрагерлері ретінде саяси басқару қызметін атқарды. Төрелердің билігі заңдық негізден гөрі дәстүр мен тарихи беделге сүйенді. Бұл билік формасы қазақ қоғамында легитимділік ұғымының ерекше үлгісін қалыптастырды.

Қазақ қоғамындағы маңызды дәстүрлі институттардың бірі - билер институты. Билер соттық, құқықтық және моральдық мәселелерді шешуде жетекші рөл атқарды. Олар әдет-ғұрып құқығын жетік меңгерген, шешендігімен, әділдігімен танылған тұлғалар болды. Билер институты құқықтық тәртіпті сақтаумен қатар, жас ұрпаққа әділдік, жауапкершілік, сөз қадірін түсіну сияқты құндылықтарды дарытқан тәрбиелік институт ретінде де қызмет етті.

Батырлар институты қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында әскери-саяси қызмет атқарды. Батырлар ел қорғау ісінде, сыртқы қауіп-қатерге қарсы күресте жетекші күшке айналды. XIX ғасырда жоңғар шапқыншылығының салдары мен шекаралық қақтығыстар батырлар институтының маңызын арттырды. Батырлар тек соғыс адамы ғана емес, халықтың рухын көтеруші, ел бірлігін нығайтушы тұлғалар болды. Батыр бейнесі халықтық тәрбиеде ерлік пен отаншылдықтың символына айналды.

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында ақсақалдар институты да маңызды орын алды. Ақсақалдар ру мен ауыл ішіндегі тәртіпті сақтаушы, салт-дәстүрдің орындалуын қадағалаушы, даулы мәселелерде бітімгерлік қызмет атқарушы болды. Бұл институт ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етіп, өмірлік тәжірибені жастарға жеткізудің негізгі тетігі ретінде қызмет етті.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамында шаруашылыққа негізделген әлеуметтік жіктелу де байқалды. Байлар, орта шаруалар және кедейлер арасындағы айырмашылық мал санына, экономикалық мүмкіндіктерге байланысты қалыптасты. Дегенмен бұл жіктелу қатаң әлеуметтік тосқауылдар тудырмады, себебі көшпелі қоғамда өзара көмек пен қауымдық жауапкершілік принциптері сақталды.

Отарлық басқару жүйесінің енгізілуі XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамының дәстүрлі институттарына елеулі ықпал етті. Хандық биліктің жойылуы, болыстық-билік жүйенің енгізілуі дәстүрлі басқару формаларының әлсіреуіне әкелді. Соған қарамастан билер, ақсақалдар және батырлар институттары халық санасында ұзақ уақыт бойы сақталып, ұлттық болмыстың тірегіне айналды.

Педагогикалық тарих тұрғысынан XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дәстүрлі институттары бейресми тәрбие жүйесінің негізі болды. Отбасы, ру, қауым аясында жүзеге асқан тәрбие үлгісі жеке тұлғаны қоғам мүддесіне қызмет етуге, үлкенді құрметтеуге, елдік жауапкершілікті сезінуге бағыттады. Бұл тәжірибе қазіргі ұлттық тәрбие тұжырымдамасын тарихи сабақтастық негізінде дамытуға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дәстүрлі институттары көшпелі өркениеттің әлеуметтік ұйымдасуының күрделі әрі үйлесімді жүйесін көрсетеді. Билер, батырлар, ақсақалдар және ру-тайпалық құрылымдар қоғамның саяси, құқықтық және тәрбиелік қызметін

қатар атқарды. Бұл тарихи тәжірибе қазақ халқының әлеуметтік дамуын ғана емес, ұлттық педагогикалық ойдың қалыптасуын түсінуде де маңызды ғылыми негіз болып табылады.

Қазақ қоғамындағы батырлар институты - дәстүрлі әлеуметтік құрылымның, әскери-саяси мәдениеттің және халықтық тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл институттың тарихи мәнін ғылыми тұрғыда алғаш жүйелі зерттеген тұлғалардың бірі - Шоқан Уәлиханов. Оның еңбектерінде батырлар феномені тек әскери ерлік иелері ретінде емес, қоғамдық өмірде ерекше әлеуметтік, саяси және тәрбиелік қызмет атқарған тарихи институт ретінде қарастырылады.

Ш. Уәлиханов қазақ қоғамындағы батырлар институтын көшпелі өркениеттің тарихи дамуының заңды нәтижесі ретінде түсіндіреді. Ол батырларды тек соғыс уақытындағы қолбасшы немесе жауынгер емес, бейбіт кезеңде де ел бірлігін сақтауға, руаралық қатынастарды реттеуге, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты әлеуметтік топ ретінде сипаттайды. Осы арқылы ғалым батырлар институтының көпқырлы сипатын ашып көрсетеді.

Уәлиханов еңбектерінде батырлар институтының әлеуметтік-саяси мәні айқын көрінеді. Батырлар хандық биліктің тірегі, халық пен билік арасындағы байланысты қамтамасыз етуші күш ретінде бағаланады. Хан билігінің әлсіреу кезеңдерінде батырлар ел тағдырын шешкен негізгі тұлғаларға айналған. Бұл жағдай қазақ қоғамында биліктің тек формалды құрылымдармен емес, жеке тұлғаның беделі мен ерлігі арқылы да жүзеге асқанын дәлелдейді.

Ш. Уәлиханов батырлар институтын зерттеу барысында оның моральдық-этикалық негіздеріне ерекше назар аударады. Батыр болу тек қару ұстап, жауға қарсы шығумен шектелмейді, ол үшін адалдық, әділдік, халыққа қызмет ету, уәдеге беріктік сияқты қасиеттер міндетті болған. Осы тұрғыдан алғанда батырлар институты халықтық мораль нормаларын қалыптастыратын және ұрпаққа жеткізетін тәрбие мектебі қызметін атқарды.

Батырлар институтының маңызды қыры - оның педагогикалық қызметі. Уәлиханов батырлар бейнесінің халық ауыз әдебиетінде, жыр-дастандарда кеңінен насихатталуын кездейсоқ құбылыс емес деп түсіндіреді. Батырлар туралы эпостар жас ұрпақты ерлікке, елжандылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеудің тиімді құралы болған. Бұл арқылы батырлар институты бейресми, бірақ қуатты халықтық тәрбие жүйесінің негізін қалады.

Ш. Уәлиханов батырлар институтының қалыптасуын тарихи жағдайлармен байланыстырады. Сыртқы қауіп-қатер, жоңғар шапқыншылығы, шекаралық қақтығыстар қазақ қоғамында әскери қабілеті жоғары, беделді тұлғалардың алдыңғы қатарға шығуына себеп болды. Осындай жағдайда батырлар халықтың қорғаны ғана емес, ұлттық бірліктің символына айналды. Бұл тарихи тәжірибе батырлар институтының қоғамдағы орнының уақытша емес, жүйелі сипатта болғанын көрсетеді.

Ғалым еңбектерінде батырлар институты билер және хандар институтымен өзара байланыста қарастырылады. Батыр - күш пен ерліктің, би - ақыл мен әділдіктің, хан - саяси биліктің иесі ретінде сипатталады. Бұл үштік қазақ қоғамындағы басқару мен тәрбие жүйесінің тұтастығын қамтамасыз еткен. Мұндай құрылым жас ұрпақтың санасында қоғамның үйлесімді моделін қалыптастыруға ықпал етті.

Педагогикалық тарих тұрғысынан алғанда, Ш. Уәлиханов сипаттаған батырлар институты үлгі арқылы тәрбиелеудің классикалық үлгісі болып табылады. Батырлардың өмір жолы, мінез-құлқы, ел үшін жасаған қызметі жас буынға нақты тұлғалық бағдар берді. Бұл қағида қазіргі педагогикадағы тұлғалық-бағдарлы оқыту мен құндылыққа негізделген тәрбиемен мазмұндық тұрғыда үндеседі.

Қорытындылай келе, Шоқан Уәлиханов еңбектерінде қазақ қоғамындағы батырлар институты әлеуметтік-саяси құрылым ғана емес, ұлттық тәрбиенің, тарихи сананың және рухани құндылықтардың маңызды өзегі ретінде ашылады. Батырлар институтын педагогикалық тұрғыда

зерделеу қазіргі ұлттық тәрбие жүйесін тарихи сабақтастық негізінде байытуға мүмкіндік береді. Уәлихановтың ғылыми мұрасы бұл бағытта теориялық әрі әдістемелік негіз бола алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX века. Алма-Ата, 1992.
2. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы, 1996.
3. Зиманов С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата, 1958.
4. Бес ғасыр жырлайды. Екі томдық. Бірінші том. Алматы, 1989.
5. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, Дайк-Пресс, 2004.
6. Байболұлы Қ. Төле би. Дастандар. Алматы, 1991.
7. Материалы по казахскому обычному праву. Алма-Ата, 1948.
8. Төрекұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. 1,2-кітаптар. Алматы, 1993.
9. Үш пайғамбар. Алматы, 1992.
10. Басин В. Я. Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв.: Казахстан в системе внешней политики Российской империи. Алма-Ата, 1971.
11. Толе - великий бий. Алматы, 1993.
12. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1961.
13. Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века. (О внешней и внутренней политике Аблая). Алма-Ата, 1988.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18988053>

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ОНЛАЙН ТАРИХИ ЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

АЗИРБАЙ Д.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Тарих және құқық факультеті

7M01603-Тарих: тарих біліміндегі цифрлық технологиялар мамандығының 2 курс
магистранты

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан тарихын оқытуда онлайн тарихи жинақтарды пайдаланудың ғылыми және практикалық негіздері қарастырылады. Цифрлық архивтер, электронды кітапханалар, интерактивті карталар мен мультимедиялық деректер оқыту үдерісін жаңғыртып, оқушылардың дерекпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретіні талданады. Мақалада онлайн жинақтардың тарихи деректануды дамытудағы рөлі, оқушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызы, сонымен қатар мұғалімдер үшін әдістемелік тиімділігі жан-жақты сипатталады. Онлайн ресурстарды қолдануда кездесетін қиындықтар мен оларды шешу жолдары да ұсынылады.

Кілт сөздер. Қазақстан тарихы, онлайн тарихи жинақтар, цифрлық архив, электронды дереккөздер, зерттеушілік дағдылар, цифрлық педагогика, тарихи деректану.

Аннотация. В статье рассматриваются научно-практические аспекты использования онлайн исторических сборников в преподавании истории Казахстана. Анализируется роль цифровых архивов, электронных библиотек, интерактивных карт и мультимедийных ресурсов в обновлении учебного процесса и развитии исследовательских навыков учащихся. Раскрываются возможности онлайн-ресурсов для углубления исторического анализа, формирования цифровой культуры и повышения эффективности работы учителя. Отдельное внимание уделено трудностям применения цифровых исторических материалов и путям их преодоления.

Ключевые слова. История Казахстана, онлайн исторические сборники, цифровые архивы, электронные ресурсы, исторические источники, исследовательские навыки, цифровая педагогика.

Abstract. This article examines the scientific and practical aspects of using online historical collections in teaching the History of Kazakhstan. It analyzes how digital archives, electronic libraries, interactive maps, and multimedia sources modernize the learning process and enhance students' abilities to work with historical evidence. The study highlights the role of online collections in developing historical thinking, research competences, and digital literacy. The article also discusses the challenges faced when integrating digital historical materials into the curriculum and proposes effective solutions.

Keywords. History of Kazakhstan, online historical collections, digital archives, electronic sources, historical evidence, research competences, digital pedagogy.

Қазіргі кезеңде Қазақстан тарихын оқыту үдерісі дәстүрлі қағаз форматындағы оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдармен шектелмей, цифрлық ресурстарды кеңінен қолдануды талап етеді. ХХІ ғасырдың үшінші онжылдығы білім алушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін өзгертті: визуалды, интерактивті, мультимедиялық мазмұндар негізгі білім беру арнасына айналды. Осыған байланысты онлайн тарихи жинақтар, цифрландырылған архив материалдары, интерактивті карталар мен тарихи деректер базасы Қазақстан тарихы пәнін

оқытудың маңызды құралы ретінде орнығып келеді. Мұндай ресурстар тарихи білімді жаңаша қолжетімді етіп қана қоймай, зерттеушілік қабілеттердің дамуына да зор мүмкіндік береді.

Онлайн тарихи жинақтардың білім беру үдерісіндегі рөлін түсіну үшін ең алдымен олардың ғылыми табиғатын айқындау қажет. Онлайн тарихи жинақ дегеніміз - белгілі бір кезеңге, оқиғаға, тарихи ұсынысқа қатысты цифрландырылған деректердің жүйелі түрде топтастырылған, іздеуге және талдауға ыңғайлы электронды формасы. Оған архив құжаттары, статистикалық мәліметтер, ресми хаттамалар, фото және бейнеқор, көне басылымдардың нұсқалары, мәдени мұра жәдігерлері, сондай-ақ ғылыми зерттеу еңбектері кіреді. Бұл материалдардың онлайн ортаға көшуі тарихи білім беруді біршама демократизациялады: бұған дейін ғылыми айналымға енбеген немесе шектеулі қолжетімділікке ие деректер қалың көпшілікке ашыла бастады.

Онлайн жинақтардың пайда болуы тарихи деректанудың дамуына да жаңа серпін берді. Тарихи деректердің мәтіндік нұсқаларына қоса, археологиялық карталар, тарихи топография материалдары, ру-тайпа таралымына қатысты схемалар, халық санағының электронды базасы-бұлардың бәрі кешенді талдауға жол ашты. Соның нәтижесінде оқушылар да, мұғалімдер де тарихты тек теориялық білім ретінде ғана емес, нақты деректер мен айғақтар арқылы түсінуге мүмкіндік алды. Бұл құбылыс білім алушылардың ғылымилық пен объективтілікке негізделген тарихи көзқарасын қалыптастыруға көмектеседі.

Тарихты оқытудағы ғылыми-педагогикалық ұстанымдарға сүйенсек, оқушы үшін басты құндылық - дерек. Дерекпен тікелей жұмыс жасау - тарихи ойлауды дамытудың негізгі тетігі. Осы тұрғыда онлайн тарихи жинақтар дереккөздерге негізделген оқытудың тиімді платформасы саналады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің электронды нұсқасы арқылы оқушылар ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының хаттарын, кеңестік кезеңдегі әкімшілік құжаттарды, Қазақстандағы ұжымдастыру, ашаршылық, репрессия жылдарына қатысты деректерді түпнұсқа күйінде оқып, талдай алады. Бұл - оқу үдерісін дәстүрлі баяндаудан зерттеушілік бағытқа көшірудің жарқын көрінісі.

Онлайн тарихи жинақтарды пайдаланудың ғылыми-практикалық аспектілерінің бірі - оқушының цифрлық мәдениетін қалыптастыру. Бүгінгі таңда ақпаратты іздеу, іріктеу, тексеру, салыстыру, сараптау - білім беру жүйесінің негізгі міндеттеріне айналды. Тарихи жинақтармен жұмыс істеу барысында оқушылар деректерді өздігінен табуды, оларды уақыттық, аумақтық, әлеуметтік контекстте қарастыруды үйренеді. Бұл дағдылар олардың өмір бойы білім алу траекториясына оң ықпал етеді.

Практикалық тұрғыдан алғанда, онлайн тарихи жинақтарды пайдалану сабақтың құрылымын да өзгерте алады. Мысалы, тарихи құжатты талдау тапсырмасы бұрын тек оқулықтағы қысқартылған үзінділерге негізделсе, енді толыққанды құжатпен жұмыс жасау мүмкіндігі бар. Бұл оқушыларға мәтінді толық түсінуге, автордың мақсатын анықтауға, тарихи тұлғаның ойлау жүйесін елестетуге жағдай жасайды. Сондай-ақ онлайн деректерді пайдалану арқылы мұғалімдер сабақта нақты өмірлік жағдайларды модельдей алады. Мысалы, отарлық әкімшілік реформалар туралы құжатты оқи отырып, оқушылар қазақ қоғамындағы әлеуметтік өзгерістерді нақты дәлелдермен анықтайды.

Цифрлық платформалар мультимедиялық сападағы материалдармен жұмыс істеуге де мүмкіндік береді. Архивтік фотосуреттер, тарихи карталар, экспедициялар жазбалары, фоноқорлардағы аудио жазбалар оқушылардың тарихты сезінуіне, оқиғаларды визуалды түрде қабылдауына көмектеседі. Мәселен, ҚР Орталық мемлекеттік кинофотокүжаттар архивінің онлайн қорында ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы сирек кездесетін бейнекадрлар бар, оларды сабақ барысында қолдану тарихи оқиғаларды жанды түрде көрсетуге жағдай жасайды.

Онлайн тарихи жинақтар тарихи білімнің интердисциплинарлық сипатын ашуға да септігін тигізеді. География, әдебиет, мәдениеттану, тіл білімі пәндерімен пәнаралық байланыс орнату

жеңілдейді. Мысалы, этнографиялық экспедиция материалдары арқылы оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрін, этнографиялық аймақтарын, мәдени мұра нысандарын зерттейді. Картографиялық материалдар география пәнімен үндестікті арттырады, ал көне әдеби мұралар ұлттық әдебиетпен байланыс орнатады.

Сонымен қатар онлайн тарихи жинақтардың білім беру жүйесіндегі орны туралы айтқанда, оларды пайдалану кезінде туындайтын қиындықтарды да атап өткен жөн. Әсіресе ауыл мектептерінде интернет жылдамдығының төмендігі материалдармен тұрақты жұмыс істеуге кедергі келтіреді. Кейбір мұғалімдер цифрлық платформалардың құрылымын толық меңгермегендіктен, онлайн деректерді тиімді пайдалана алмайды. Сондай-ақ цифрланған құжаттардың көпшілігі көне әліпбиде (араб графикасы, латын графикасы) сақталғандықтан, оқушылардың оқу процесінде қосымша қиындықтар туындауы мүмкін.

Осы мәселелерді шешу үшін нақты әдістемелік ұсыныстар қажет. Біріншіден, мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастырылуы тиіс. Екіншіден, онлайн платформалардың интерфейсін жақсарту, іздеу жүйесін жетілдіру және пайдаланушылар үшін түсінікті нұсқаулықтар әзірлеу маңызды. Үшіншіден, мектеп бағдарламасына «Онлайн деректермен жұмыс» бағытындағы модуль енгізу арқылы оқушылардың медиасауаттылығын қалыптастыру қажет.

Қазақстан тарихын оқытуда онлайн тарихи жинақтарды қолдану - оқыту мазмұнын байытудың, тарихи деректердің қолжетімділігін арттырудың және оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытудың ең тиімді жолдарының бірі. Онлайн жинақтарды табу, оларды талдау және сабақта пайдалану белгілі бір жүйені қажет етеді. Төменде онлайн тарихи жинақты қайдан алуға болатыны және оны оқыту процесінде қалай пайдалану керектігі туралы толық мәлімет беріледі.

Ең алдымен, онлайн тарихи жинақтарды ресми, сенімді және тұрақты жұмыс істейтін дереккөздерден алу маңызды. Қазақстандағы ең толық әрі қолжетімді жинақтар ҚР Ұлттық кітапханасының цифрлық қорында орналасқан. Бұл ресурсқа кірген кезде «Цифрлық кітапхана» бөлімі арқылы XIX–XX ғасырлардағы газет-журналдардың, оның ішінде «Дала уалаятының газеті», «Қазақ», «Айқап», «Туркестанские ведомости», «Семипалатинский листок» сияқты тарихи басылымдардың толық скан-нұсқаларын жүктеп алуға болады. Бұл жинақтар PDF форматында ұсынылып, түпнұсқалық мәтін толық сақталған. Сонымен бірге, оқырман әр парақты жеке-жеке ашып, мәтінді егжей-тегжейлі талдай алады.

Онлайн тарихи жинақтарды алудың тағы бір орталығы - e-history.kz - Қазақстан тарихы порталы. Бұл сайтта архив құжаттары, газеттердің жеке сандары, тақырыптық материалдар және түсіндірмелері берілген. Портал сабаққа дайындалу кезінде мұғалімдер үшін өте пайдалы, себебі мұнда құжаттардың мазмұны, тарихи контексті және ғылымилығы алдын ала түсіндірілген. Сонымен қатар «National Digital Library» мен «Қазақстанның ашық кітапханасы» платформаларында да көптеген тарихи басылымдар еркін қолжетімді.

Тарихи жинақты алғаннан кейін оны оқу процесінде тиімді қолдану үшін бірнеше әдістемелік ұстанымды сақтаған жөн. Онлайн тарихи материалды сабаққа енгізудің негізгі жолы-оны құжаттық талдау құралы ретінде пайдалану. Мұғалім белгілі бір жылды, мақаланы немесе тарихи оқиғаны таңдап, оқушыларға түпнұсқа мәтінмен жұмыс істеуді ұсынады. Мысалы, отарлық кезеңдегі жер мәселесін өткенде «Дала уалаятының газетіндегі» «Жер дауы» материалдарын талдау оқушыларға отарлық реформалардың мәнін нақты түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылар құжаттағы негізгі ақпаратты бөліп алып, автор көзқарасын анықтайды, тарихи жағдайды талдайды және өз пікірін қалыптастырады.

Онлайн тарихи жинақтар зерттеушілік жобалар орындауға да өте қолайлы. Оқушылар тарихи газет беттерінен нақты деректер жинап, белгілі бір мәселені терең зерттей алады. Мысалы,

«XIX ғасырдың соңындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар», «Қазақ ауылындағы білім беру мәселесі», «Отарлық әкімшілік пен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас» сияқты тақырыптарды онлайн басылымдар арқылы дәлелдермен негіздеуге болады. Бұл тәсіл зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастырып, оқушылардың өз бетінше ақпарат табу және оны талдау дағдыларын дамытады.

Сонымен бірге онлайн жинақтар интерактивті карталармен және мультимедиялық материалдармен бірге пайдаланылғанда ерекше нәтижелі болады. Газеттегі уезд, болыс атаулары мен географиялық мәліметтерді қазіргі картадан тауып, салыстыру оқушылардың кеңістіктік елестету қабілетін арттырады. Архивтік фотосуреттер, тарихи карталар, көне құжаттардың суреттері сабақтың мазмұнын көрнекі әрі қызықты етеді. Бұл оқушылардың тарихи кезеңді көзбен көруге, сезінуге және оқиғаның атмосферасын түсінуге мүмкіндік береді.

Онлайн жинақтарды пайдаланудың тағы бір маңызды аспектісі- цифрлық дағдыларды дамыту. Оқушылар интернеттен нақты ақпарат іздеуді, деректерді сұрыптауды, PDF файлмен жұмыс істеуді, деректерді кестеге немесе инфографикаға түсіруді үйренеді. Бұл ХХІ ғасыр оқушысы үшін аса маңызды дағдылар болып табылады.

Жинақты пайдалану барысында мұғалім оның шектеулерін де ескеруі керек. Кейбір жинақтардағы мәтіндер араб және латын графикасында болғандықтан, оқушыларға түсіну қиындық туғызуы мүмкін. Кей скан-көшірмелердің сапасы төмен, кейбір материалдар толық сақталмаған. Бұл жағдайда мұғалім алдын ала түсіндірме беріп, мәтінді жеңілдетілген нұсқамен толықтырғаны дұрыс.

Қорытындылай келе, онлайн тарихи жинақтарды пайдалану - Қазақстан тарихын оқытудың ғылыми негізін күшейтетін, оқушылардың тарихи санасын дамытатын, зерттеушілік көзқарасын қалыптастыратын өте тиімді әдіс. Бұл жинақтар тарихи деректерді қолжетімді етіп, сабақтың мазмұнын тереңдетеді, оқушыны дереккөзбен жұмыс істеуге баулиды. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда онлайн тарихи материалдар білім беру үдерісін заманауи талаптарға сай жаңғыртып, тарих пәнін оқытуды жаңа деңгейге көтереді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Виртуальный круглый стол // Преподавание истории в школе. 2007. № 2. – С. 23–33.
2. Тороп, В.В. Проблема использования информационных технологий в преподавании предметов социальногуманитарного цикла // Преподавание истории в школе. 2007. № 2. – С. 4–8.
3. Библиотека Максима Мошкова [Электронный ресурс]. – URL : <http://www.lib.ru> (дата обращения:08.04.2015); Библиотека Гумер – гуманитарные науки [Электронный ресурс]. – URL : <http://www.gumer.info>;
4. Виртуальный кабинет истории и обществознания [Электронный ресурс]. – URL : <http://ant-m.ucoz.ru>
5. Методисты: профессиональное общество педагогов [Электронный ресурс]. – URL :<http://metodisty.ru/m/groups/files/istoriya>
6. Образовательные ресурсы сети интернет для основного общего и среднего (полного) общего образования [Электронный ресурс]. – URL : <http://www.ict.edu.ru/lib/school-catalog/> (дата обращения : 02.03.2015).
7. Опыт применения ИКТ на уроках истории и обществознания [Электронный ресурс]. – URL:<http://www.uportal.ru/publ/15-1-0-896> (дата обращения 07.04.2015).

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18988097>

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ САЯБАҚТАРЫНЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ КӨГАЛДАНДЫРУ КАРТАСЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

А.М.САПАРӘЛІ

Абай атындағы ҚазҰПУ

Тарих және құқық факультеті

7M01603-Тарих: тарих біліміндегі цифрлық технологиялар мамандығының 2 курс
магистранты

Аннотация. В статье рассматривается историко-педагогическая эволюция крупных парков города Алматы и обосновывается методика создания интерактивной карты озеленения как современного образовательного ресурса. Анализируется процесс трансформации городских парков от рекреационных зон к пространствам общественного воспитания, исторической памяти и культурной социализации в XIX–XXI вв. Особое внимание уделяется концу XIX – началу XX века, когда парки стали выполнять функции неформального образовательного пространства. В работе раскрываются этапы создания интерактивной карты озеленения, включающие сбор исторических данных, их систематизацию и цифровую визуализацию. Показаны возможности использования интерактивной карты в школьном и вузовском образовании, а также ее значение для развития исследовательских, пространственных и критических навыков обучающихся. Делается вывод о высоком педагогическом потенциале городских парков и эффективности цифровых инструментов в преподавании истории и краеведения.

Ключевые слова: история Алматы, городские парки, историко-педагогическая эволюция, образовательное пространство, интерактивная карта, озеленение города, неформальное образование, историческая память.

Abstract. The article explores the historical and pedagogical evolution of major urban parks in Almaty and substantiates the methodology for creating an interactive greening map as a modern educational resource. The study analyzes the transformation of urban parks from recreational areas into spaces of public education, historical memory, and cultural socialization from the late nineteenth to the early twenty-first centuries. Special attention is paid to the late nineteenth and early twentieth centuries, when parks began to function as informal educational environments. The article outlines the main stages of developing an interactive greening map, including the collection of historical data, their systematization, and digital visualization. The educational potential of the interactive map in secondary and higher education is demonstrated, highlighting its role in developing students' research, spatial, and critical thinking skills. The study concludes that urban parks possess significant pedagogical value and that digital mapping tools are effective in teaching history and local studies.

Keywords: Almaty history, urban parks, historical and pedagogical evolution, educational space, interactive map, urban greening, informal education, historical memory.

Алматы қаласының ірі саябақтары қалалық кеңістіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде тек демалыс пен рекреация аймағы ғана емес, сонымен қатар қоғамдық тәрбие, тарихи жады және мәдени әлеуметтену кеңістігі қызметін атқарып келеді. Қалалық саябақтардың қалыптасуы мен дамуын педагогикалық тарих тұрғысынан зерделеу олардың қоғам өміріндегі тәрбиелік, ағартушылық және мәдени рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда Алматы қаласының ірі саябақтарының тарихи-педагогикалық эволюциясы қаланың әлеуметтік және мәдени даму тарихымен тығыз байланысты күрделі үдеріс ретінде қарастырылады.

XIX ғасырдың ортасында Алматы (сол кездегі Верный бекінісі) қалыптаса бастаған кезеңде қоғамдық бақтар мен жасыл аймақтар қаланың санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсарту және тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру мақсатында ұйымдастырылды. Алғашқы саябақтар мен бақтар әскери-әкімшілік орталықтың маңында орналасып, қоғамдық тәртіп пен мәдени мінез-құлықты қалыптастырудың құралы ретінде қарастырылды. Бұл кезеңде саябақтар ресми оқу орындарынан тыс, бірақ қоғамдық тәрбиенің бейресми кеңістігі ретінде қызмет атқарды.

XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында Алматы қаласының ірі саябақтары оқу-ағарту және мәдени кеңістік ретіндегі қызметін кеңейтті. Қалалық саябақтарда серуендеу мәдениеті қалыптасып, әдеби кештер, музыкалық қойылымдар, мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Мұндай іс-шаралар қала тұрғындарының эстетикалық талғамын тәрбиелеуге, қоғамдық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар саябақтар табиғатпен тікелей байланыс орнату арқылы экологиялық тәрбие берудің алғашқы тәжірибелік алаңына айналды.

XX ғасырдың алғашқы жартысында Алматы қаласының ірі саябақтары тарихи жады мен азаматтық тәрбиенің маңызды кеңістігі ретінде айқындала түсті. Саябақ аумақтарында орналасқан ескерткіштер, мемориалдық нысандар мен тарихи орындар өткенді есте сақтауға, тарихи оқиғаларды түсіндіруге мүмкіндік берді. Бұл кезеңде саябақтар қоғамдық сана қалыптастырудың, патриоттық және азаматтық тәрбие берудің маңызды құралдарының біріне айналды.

Кеңестік кезеңде Алматының ірі саябақтары бұқаралық мәдениет пен идеологиялық тәрбиенің орталығы ретінде дамыды. Саябақтарда жаппай мәдени-ағартушылық іс-шаралар, спорттық жарыстар, мерекелік шерулер өткізілді. Бұл кезеңде саябақтардың тәрбиелік қызметі жоспарлы және жүйелі сипат алып, олар қоғамдық тәрбиенің институционалдық элементіне айналды. Дегенмен бұл үдеріс көбіне идеологиялық мазмұнмен шектеліп, саябақтардың тарихи жады мен көпқырлы педагогикалық әлеуеті толық ашыла қойған жоқ.

Тәуелсіздік кезеңінде Алматы қаласының ірі саябақтары тарихи-мәдени мұра нысандары ретінде қайта бағаланды. Қалалық саябақтар ұлттық жадыны жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру және экологиялық мәдениетті дамыту кеңістігіне айналды. Бұл кезеңде саябақтарды білім беру үдерісінде пайдалану, әсіресе тарихи білім мен тәрбиені пәнаралық тұрғыдан ұйымдастыру мүмкіндіктері кеңейе түсті.

Қазіргі кезеңде Алматы қаласының ірі саябақтарының тарихи-педагогикалық эволюциясы цифрлық технологиялар арқылы жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Интерактивті карталар, цифрлық архивтер мен визуалды деректер саябақтардың тарихи дамуын кеңістікте көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл құралдар арқылы оқушылар мен студенттер қалалық тарихты зерттеп, саябақтарды тарихи дерек пен тәрбиелік ресурс ретінде қабылдай бастайды. Осылайша саябақтар заманауи тарихи білім берудің тәжірибелік алаңына айналып отыр.

Алматы қаласының ірі саябақтарының тарихи-педагогикалық эволюциясы олардың қарапайым демалыс аймағынан қоғамдық тәрбие мен тарихи жады кеңістігіне дейінгі ұзақ жолын көрсетеді. Саябақтар әр тарихи кезеңде қоғамның әлеуметтік, мәдени және тәрбиелік сұраныстарына жауап беріп, педагогикалық тарих тұрғысынан маңызды әлеуметтік-педагогикалық феномен ретінде қалыптасты. Бұл тәжірибені қазіргі білім беру жүйесінде тиімді пайдалану қалалық тарихты оқытудың мазмұнын байытып, тарихи сананы қалыптастырудың жаңа ғылыми-практикалық мүмкіндіктерін ашады.

Қазіргі білім беру жүйесінде тарихи білімді оқытудың мазмұны мен формаларын жаңғырту, білім алушылардың зерттеушілік және кеңістіктік ойлау қабілеттерін дамыту маңызды педагогикалық міндеттердің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда қалалық кеңістікті, әсіресе саябақтар мен жасыл аймақтарды тарихи-танымдық және тәрбиелік ресурс ретінде пайдалану педагогикалық тарих ғылымында өзекті бағытқа айналып отыр. Алматы қаласының

саябақтарына арналған интерактивті көгалдандыру картасын құру және оны білім беру үдерісінде пайдалану тарихи білімді оқытудың заманауи әрі тиімді әдістемелік үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Алматы қаласының саябақтары тарихи, мәдени және экологиялық тұрғыдан бай мұра болып табылады. Олар қаланың әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі әлеуметтік өзгерістерді, урбанистік дамуды және қоғамдық тәрбиенің эволюциясын көрсететін кеңістіктік дереккөздер ретінде қарастырылады. Сондықтан интерактивті карта жасау барысында саябақтар тек географиялық нысан ретінде емес, тарихи-педагогикалық феномен ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл карта қаланың көгалдандыру тарихын кезең-кезеңімен, визуалды және деректік негізде көрсетуге бағытталады.

Интерактивті көгалдандыру картасын құру әдістемесі бірнеше өзара байланысты кезеңнен тұрады. Алғашқы кезеңде тарихи деректерді жинақтау жүзеге асырылады. Бұл кезеңде архивтік материалдар, тарихи карталар, фотосуреттер, мерзімді баспасөз деректері, саябақтардың құрылу тарихына қатысты ғылыми еңбектер мен естеліктер пайдаланылады. Әрбір саябақтың пайда болу уақыты, атауының өзгеруі, кеңістіктік шекаралары және қоғамдық қызметі анықталады. Бұл деректер тарихи нақтылық пен ғылыми дәйектілікті қамтамасыз етеді.

Екінші кезеңде жиналған деректерді жүйелеу және цифрлық форматқа көшіру жүзеге асырылады. Саябақтар тарихи кезеңдерге (XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басы, кеңестік кезең, тәуелсіздік кезеңі) бөлініп, карта қабаттары ретінде ұсынылады. Әр қабатта белгілі бір уақыт аралығындағы көгалдандыру үдерісі, саябақтардың қызметі мен педагогикалық маңызы көрсетіледі. Бұл тәсіл білім алушылардың тарихи хронологияны кеңістікте қабылдауына мүмкіндік береді.

Үшінші кезеңде интерактивті элементтерді енгізу әдістемесі қолданылады. Картаға мәтіндік түсіндірмелер, тарихи анықтамалар, фотогалереялар, қысқаша бейнематериалдар және дереккөздерге сілтемелер орналастырылады. Бұл интерактивтілік білім алушылардың дерекпен өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырып, зерттеушілік қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар карта пайдаланушыға белгілі бір саябақты таңдап, оның тарихи-педагогикалық эволюциясын толық көруге мүмкіндік береді.

Интерактивті көгалдандыру картасын білім беруде пайдалану әдістемесі жобалық және зерттеушілік оқыту қағидаттарына негізделеді. Орта мектепте бұл карта Қазақстан тарихы, өлкетану және география пәндерінде қосымша оқу материалы ретінде қолданылуы мүмкін. Мұғалімдер карта арқылы қала тарихын кеңістікте түсіндіріп, оқушыларға белгілі бір саябақтың тарихын зерттеу, оның қоғам өміріндегі рөлін талдау сияқты тапсырмалар ұсына алады. Бұл тәсіл оқушылардың сыни ойлауын, тарихи деректі талдау қабілетін және кеңістіктік ойлауын дамытады.

Жоғары оқу орындарында интерактивті көгалдандыру картасы педагогикалық тарих, урбанистика, өлкетану және цифрлық гуманитаристика курстарында тиімді қолданыс табады. Студенттер карта негізінде ғылыми жобалар, презентациялар, курстық және дипломдық жұмыстар дайындай алады. Сонымен қатар карта болашақ тарих мұғалімдерін даярлау барысында оқу-әдістемелік құрал ретінде пайдаланылып, оларды заманауи цифрлық ресурстармен жұмыс істеуге үйретеді.

Интерактивті көгалдандыру картасын қолданудың маңызды әдістемелік артықшылығы - пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мүмкіндігі. Карта тарих, география, экология және мәдениеттану пәндерін өзара байланыстырып, білім алушылардың кешенді дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен бірге бұл құрал экологиялық тәрбие мен азаматтық жауапкершілікті дамытуда да тиімді, себебі саябақтардың сақталуы мен дамуы қоғам мен табиғат арасындағы өзара байланысты түсіндіреді.

Қорытындылай келе, Алматы қаласы саябақтарының интерактивті көгалдандыру картасын құру және оны білім беруде пайдалану әдістемесі тарихи білімді оқытудың мазмұнын жаңғыртып, оны тәжірибелік және зерттеушілік бағытта дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдістеме қалалық кеңістікті оқу-ағарту ресурсы ретінде қарастырып, педагогикалық тарих ғылымында заманауи цифрлық технологияларға негізделген жаңа ғылыми-практикалық бағыттың қалыптасуына жол ашады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Козбагарова Н.Ж. XX ғасырдағы Қазақстан ландшафттық сәулетінің дамуы: архитектура докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2010.
2. Унагаева Н.А. XX ғасырдың екінші жартысы – XXI ғасырдың басындағы ландшафттық сәулеттегі типология және композиция мәселелері (шетелдік тәжірибе): архитектура кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Мәскеу, 2011.
3. Щукин А. Мінсіз саябақты іздеу жолында // «Эксперт» журналы. – 2019. – № 44 (1140).
4. Ландшафттық сәулеттегі инновациялар: VI ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Нижний Новгород: ННГАСУ, 2010. – 98 б.
5. Самойлов К.И. Қазақстанның ең көне геоглифтерінің ерекшеліктері // Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының хабаршысы. – 2018. – № 1 (67). – 69–74 бб.
6. Самойлов К.И. Қазақстанның ең көне сәулеті: геоглифтер. Типтік үлгілер альбомы. – Алматы, 2016. – 14 б.
7. Колпаковский Г.А. Семиречье және Жетісу өлкесінің сипаттамалары. – Санкт-Петербург, XIX ғ. соңы.
8. Венюков М.И. Очерки Заилийского края. – Санкт-Петербург, 1860-жж.
9. Мушкетов И.В. Түркістан өлкесінің геологиялық және географиялық сипаттамасы. – Санкт-Петербург, 1886.
10. Романов П., Ярская-Смирнова Е. (ред.) Қазіргі білім беру кеңістігіндегі инклюзия және қоғамдық орта. – Мәскеу, 2008.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18988137>

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Ә. АМАНҒАЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ

Тарих және құқық факультеті

7M01603-Тарих: тарих біліміндегі цифрлық технологиялар мамандығының 2 курс магистранты

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические идеи Мағжан Жұмабаева в контексте их преемственности с современными педагогическими теориями. На основе анализа жизненного пути, общественной деятельности и педагогических трудов мыслителя раскрываются ключевые положения его образовательной концепции: личностно-ориентированный подход, гуманистическое воспитание, приоритет родного языка и национальных ценностей, эстетическое и нравственное развитие личности. Особое внимание уделяется трудам «Педагогика» и «О преподавании родного языка в начальной школе», в которых Мағжан Жұмабаев обосновал роль образования как стратегического фактора духовного и культурного развития нации. Автор доказывает, что педагогические взгляды Мағжана Жұмабаева не утратили своей актуальности и созвучны современным направлениям педагогики, таким как ценностно-ориентированное обучение, гуманистическая педагогика и личностно-развивающее образование.

Ключевые слова: Мағжан Жұмабаев, педагогическое наследие, история педагогики, национальное воспитание, гуманистическая педагогика, личностно-ориентированное обучение, родной язык, духовные ценности.

Abstract. The article examines the pedagogical ideas of Magzhan Zhumabayev in the context of their continuity with modern pedagogical theories. Based on the analysis of his life path, social activity, and pedagogical works, the study reveals the key principles of his educational concept, including a learner-centered approach, humanistic education, the priority of the mother tongue and national values, as well as moral and aesthetic development of personality. Special attention is given to his works *Pedagogy* and *Teaching the Mother Tongue in Primary School*, where education is viewed as a strategic factor in the spiritual and cultural development of the nation. The article argues that Magzhan Zhumabayev's pedagogical ideas remain relevant today and are closely aligned with contemporary educational approaches such as value-based education, humanistic pedagogy, and personality-oriented learning.

Keywords: Magzhan Zhumabayev, pedagogical heritage, history of pedagogy, national education, humanistic pedagogy, learner-centered approach, mother tongue, spiritual values.

Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы Жұмабаев - ХХ ғасыр басындағы қазақ руханияты мен педагогикалық ойының қалыптасуына терең ықпал еткен көрнекті ақын, ағартушы, қоғам қайраткері. Оның өмір жолы мен шығармашылық тағдыры қазақ халқының отаршылдық жағдайындағы рухани ізденістерімен, ұлт-азаттық қозғалыспен және ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық дүниетанымы оның алған білімімен, қоғамдық қызметімен және көркемдік-философиялық ізденістерімен біртұтас жүйе құрайды.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданындағы Сасықкөл жағасында дүниеге келді. Атасы Жұмабай қажы, әкесі Бекен
ОФ "Международный научно-исследовательский центр "Endless Light in Science"

дәулетті, ел ішінде сыйлы адам болған. Отбасындағы тәрбиелік орта, дәстүрлі дүниетаным мен ислам мәдениетінің ықпалы ақынның рухани қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Алғаш ауыл молдасынан хат таныған Мағжан кейін Қызылжар қаласындағы №1 мешіт жанындағы медреседе оқып, мұсылмандық біліммен қатар шығыс тарихы мен әдебиетін терең меңгерді. Бұл кезеңде ол Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Омар Найям, Низами, Науаи секілді шығыс ойшылдарының еңбектерімен танысып, рухани-этикалық танымын кеңейтті.

1909 жылы жарық көрген Абай Құнанбайұлының өлеңдері Мағжанның дүниетанымына ерекше әсер етті. Ол Абайды «хакім» деп танып, ұлттық поэзиядағы ағартушылық бағытты жаңа деңгейде жалғастыруға ұмтылды. Абай шығармашылығы арқылы Мағжан ұлттық сананы ояту, білім мен мәдениетті халықты өркендетудің басты тетігі ретінде қарастыру қажеттігін терең түсінді.

1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде оқуы Мағжанның педагогикалық және қоғамдық көзқарасының қалыптасуындағы шешуші кезең болды. Татар зиялыларының ықпалы, Ғалымжан Ибрагимов сынды ұстаздардан алған дәрістер оның ой-өрісін кеңейтіп, түркі халықтарының тағдырына ортақ жауапкершілік сезімін күшейтті. Осы жылдары Мағжанның алғашқы «Шолпан» өлеңдер жинағы жарық көріп, ол ағартушылық пен ұлт-азаттық идеяларды поэзия арқылы таратудың тиімділігін көрсетті.

1913-1916 жылдары Омбы мұғалімдер семинариясында білім алуы Мағжанның кәсіби педагог ретінде қалыптасуына жол ашты. Бұл ортада ол педагогикалық пәндермен қатар қоғамдық ғылымдарды меңгеріп, ұлттық мектептің болашағы туралы ойларын нақтылай түсті. «Бірлік» ұйымына қатысуы, «Балапан» қолжазба журналын шығаруы, «Қазақ» газетімен байланысы оның ағартушылық қызметінің кеңеюіне ықпал етті. Алаш қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынас орнатуы Мағжанның ұлттық білім беру, оқу-ағарту мәселелерін саяси-әлеуметтік контексте қарастыруына мүмкіндік берді.

1917–1923 жылдар аралығында Мағжан Жұмабаевтың қоғамдық және педагогикалық қызметі ерекше қарқын алды. Ол халық ағарту саласында жұмыс істей жүріп, баспасөз арқылы ұлттық сананы көтеруге, білімге үндеуге белсене қатысты. Бұл кезеңде жазылған «Батыр Баян» поэмасы ұлттық тарих пен ерлік рухын тәрбиелеудің көркем үлгісіне айналды. Мағжан поэзиясында білім мен еркіндік, рух пен жауапкершілік идеялары өзара сабақтасып отырды.

1923–1927 жылдары Мәскеудегі Жоғары әдебиет-көркемөнер институтында оқуы оның дүниетанымын жаңа сапалық деңгейге көтерді. Батыс және орыс әдебиетімен терең танысу Мағжанға ұлттық педагогикалық ойды әлемдік мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік берді. Алайда бұл кезеңде оның шығармашылығы саяси-идеологиялық сынға ұшырап, ақынға «таптық тұрғыдан» айыптаулар тағылды. Соған қарамастан Мағжан өз ұстанымынан айнымай, рухани-адамгершілік құндылықтарды бірінші орынға қойды.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық дүниетанымы оның арнайы еңбектерінде айқын көрініс тапты. «Педагогика» (1922, 1923) және «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» (1925) еңбектерінде ол баланың тұлғалық дамуын, ұлттық тәрбие мен ана тілінің шешуші маңызын негіздеді. Мағжан үшін білім беру – тек ақпарат беру емес, ұлттың рухын, мәдени жадын сақтап, болашаққа жеткізетін басты құрал болды. Ол мұғалімді ұлт тағдырына жауапты тұлға ретінде қарастырып, педагогтың рухани мәдениетіне ерекше мән берді.

Қуғын-сүргін жылдары Мағжанның өмірі трагедиямен аяқталғанымен, оның педагогикалық және философиялық мұрасы қазақ халқының рухани тарихында мәңгілік орын алды. Мағжан Жұмабаевтың өмір жолы мен педагогикалық дүниетанымы ұлттық білім беру идеясының қалыптасуындағы маңызды кезеңді бейнелейді. Ол поэзия, педагогика және философияны біртұтас жүйеде қарастырып, адам тәрбиесін ұлттың тарихи болашағымен байланыстырған ойшыл-ағартушы ретінде танылды.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеялары ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени сұраныстарынан туындап, бүгінгі заманауи педагогиканың негізгі қағидаттарымен терең сабақтастықта дамыған рухани-ғылыми мұра болып табылады. Ол педагогиканы тек оқыту әдістерінің жиынтығы ретінде емес, тұлғаны жан-жақты қалыптастыратын, ұлттың рухани болашағын айқындайтын стратегиялық сала деп түсінді. Осы тұрғыдан алғанда Мағжанның педагогикалық көзқарастары қазіргі гуманистік, тұлғалық-бағдарлы және құндылыққа негізделген білім беру тұжырымдамаларымен үндеседі.

Мағжан Жұмабаев педагогиканың өзегіне тұлға мәселесін қойды. Оның «Педагогика» еңбегінде бала - дайын қалыпқа салынатын объект емес, ішкі рухани әлеуеті бар, табиғи қабілеттері мен сезімдері дамуға лайық тұлға ретінде сипатталады. Бұл тұжырым қазіргі тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясының негізгі қағидаттарымен толық сәйкес келеді. Заманауи педагогикада білім алушының дара ерекшеліктерін ескеру, оның қызығушылығы мен қабілетін дамыту басты мақсат ретінде қарастырылса, Мағжан бұл идеяны ХХ ғасырдың басында-ақ ғылыми тұрғыда негіздеген.

Мағжан педагогикасындағы маңызды бағыттардың бірі - ұлттық тәрбие мен ана тілі мәселесі. Ол ана тілін баланың ойлау қабілетін, ұлттық санасын және мәдени жадын қалыптастыратын негізгі құрал деп таныды. «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні» еңбегінде Мағжан ана тілінде оқытудың психологиялық және педагогикалық негіздерін айқындап, тілді механикалық меңгеру емес, тұлғалық дамудың тірегі ретінде қарастырды. Бұл ұстаным қазіргі көптілді білім беру жағдайында да өзектілігін жойған жоқ, себебі заманауи педагогикада ана тілі - тұлғаның когнитивтік және мәдени сәйкестігінің негізі ретінде мойындалады.

Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеяларының заманауи педагогикамен сабақтастығы гуманистік тәрбие қағидатынан айқын көрінеді. Ол тәрбиенің басты мақсаты - адамды адамгершілікке, әділеттілікке, рухани еркіндікке тәрбиелеу деп білді. Білім берудің тек утилитарлық, яғни кәсіптік мақсаттарға бағындырылуына қарсы болып, рухани-адамгершілік құндылықтарды бірінші орынға қойды. Бұл көзқарас қазіргі құндылыққа негізделген білім беру (values-based education) және әлеуметтік-эмоционалдық оқыту (SEL) тұжырымдамаларымен тікелей үндеседі.

Мағжан педагогикасында эстетикалық тәрбие ерекше орын алады. Ол өнер мен әдебиетті тұлғаның ішкі әлемін байытатын, сезім мәдениетін қалыптастыратын қуатты құрал ретінде қарастырды. Мағжан поэзиясындағы көркемдік пен символизм оның педагогикалық көзқарастарымен тығыз байланысты. Заманауи педагогикада креативті ойлау, эмоционалдық интеллект және өнер арқылы оқыту мәселелеріне басымдық берілуі Мағжан идеяларының өміршеңдігін көрсетеді.

Сонымен қатар Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық дүниетанымы экологиялық сана мәселесімен де сабақтасады. Оның шығармаларында табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, жауапкершілік идеялары көрініс табады. Бүгінгі экологиялық педагогика мен тұрақты даму үшін білім беру (ESD) тұжырымдамалары Мағжанның табиғатты құрметтеу, туған жерді аялау идеяларымен мазмұндық тұрғыдан үндес.

Мағжан педагогикасының тағы бір өзекті қыры - мұғалім тұлғасына қойылатын талаптар. Ол мұғалімді тек білім жеткізуші емес, рухани көшбасшы, ұлт мәдениетін сақтаушы тұлға ретінде қарастырды. Қазіргі педагогикада мұғалімнің кәсіби құзыреттерімен қатар, оның құндылықтық ұстанымдары, рефлексиялық қабілеті және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары бағалануы Мағжан көзқарастарының өзектілігін айқындайды.

Қорытындылай келе, Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық идеялары ХХ ғасыр басындағы тарихи-әлеуметтік жағдайдан туындағанымен, мазмұны жағынан бүгінгі заманауи педагогиканың негізгі теориялық тұжырымдарымен тығыз сабақтас. Оның тұлғалық-бағдарлы, гуманистік, ұлттық

және құндылыққа негізделген педагогикалық көзқарастары қазіргі білім беру жүйесін рухани тұрғыдан байытуға, ұлттық және жаһандық педагогикалық тәжірибені үйлестіруге мүмкіндік береді. Сондықтан Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық мұрасы қазіргі педагогикалық ғылым мен практика үшін сарқылмас идеялық ресурс болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мағжан Жұмабаев. Педагогика. – Ташкент, 1922; Қайта басылымы: Алматы, 1992.
2. Мағжан Жұмабаев. Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жөні. – Ташкент, 1925.
3. Ахмет Байтұрсынұлы. Оқу құралы. – Орынбор, 1912.
4. Міржақып Дулатұлы. Оян, қазақ!. – Қазан, 1909.
5. Смағұл Сәдуақасов. Ұлт тәрбиесі туралы мақалалар жинағы. – Алматы, 1999.
6. Сәбит Мұқанов. Мағжан Жұмабаев туралы. – Алматы, 1930; Қайта басылымы: Алматы, 2004.
7. Тұрсынбек Кәкішев. Мағжан және қазақ поэзиясы. – Алматы: Санат, 1998.
8. Қайым Мұхамедханов. Алаш мұрасы және Мағжан Жұмабаев. – Алматы, 2001.
9. ЮНЕСКО. Education for Sustainable Development: Learning Objectives. – Paris, 2017.

<https://doi.org/10.5281/zenodo.18988174>

ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ЗАМАНАУИ САБАҚТАСТЫҒЫ

ТУЛЕНОВА АСЕЛЬ АУЭЗОВНА

тарих пәнінің оқытушысы

МЫРЗАГУЛОВА АРШАГУЛ КУАНДЫКОВНА

тарих пәнінің оқытушысы

ИСМАГУЛОВА САЛТАНАТ СУНДЕТБАЕВНА

Жалпы білім беретін пәндер оқытушысы

ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы

Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК

Аңдатпа: Ұлы дала көшпенділерінің тарихы мен мәдени мұрасы әлемдік мәдениетте ерекше орын алады. Түркі, қазақ, монғол және басқа да көшпенді халықтар өздерінің ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы мен өмір салты арқылы адамзат өркениетінің дамуына үлкен әсер етті. Көшпенділердің мәдениеті терең философиялық жүйелер мен өмірді қабылдау ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Аннотация: История и культурное наследие кочевников Великой степи занимает особое место в мировой культуре. Тюркские, казахские, монгольские и другие кочевые народы через свое многовековое мировоззрение, социальную структуру и образ жизни оказали огромное влияние на развитие человеческой цивилизации. Культура кочевников отличается глубокими философскими системами и особенностями восприятия жизни.

Abstract: The history and cultural heritage of the nomads of the Great Steppe occupies a special place in world culture. Turkic, Kazakh, Mongolian and other nomadic peoples, through their centuries-old worldview, social structure and way of life, had a huge impact on the development of human civilization. Nomadic culture is characterized by deep philosophical systems and peculiarities of perception of life.

Олар табиғатпен, ғаламмен және өзара қатынасымен өмір сүрген. Бүгінгі таңда көшпенділердің мәдени мұрасы бұрынғыдан да маңыздырақ болып, жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялар арқылы қайта жаңғырып, заманауи әлемге бейімделуде. Жасанды интеллекттің дамуы, әсіресе мәдениет пен тарихты зерттеу саласында үлкен мүмкіндіктер ашты. Технологиялардың әсері арқылы көшпенділердің тарихи және мәдени мұрасын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізу мәселесі жаңа биіктерге көтерілуде.

2025 жылғы 14 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың IV Ұлттық құрылтайда көтерген тапсырмасында «Көшпенділер өркениетінің бесігі болу дегеніміз - өз еліңнің өткенін есте сақтау ғана емес. Сонымен бірге, бұл - түрлі халықтар мен мәдениеттерді, дәуірлер мен кеңістіктерді ортақ игілік үшін жұмылдыру деген сөз. Сондықтан Қазақстан Ұлы дала жүрегі ретінде бүгін де өзінің тарихи миссиясын жалғастыра беруі керек. Көне заманнан келе жатқан көшпенділер дәстүрі елді артқа тартатын емес, болашаққа бастайтын мықты қуат көзі болуға тиіс. Дейтұрғанмен, тарихты аңызға айналдырып, ескі заманның шырмауында қалып қоюға да болмайды. Тарихи-мәдени мұрамызды ХХІ ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет. Ғылыми зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту - осы жұмыстың бәрін бір жоспарға келтіру керек» деген болатын. Ұлы дала көшпенділерінің мәдени мұрасы – бұл

ОФ "Международный научно-исследовательский центр "Endless Light in Science"

ұрпақтан-ұрпаққа жеткен бай фольклор мен ауыз әдебиетінің, музыкалық және қолөнерлік дәстүрлердің жиынтығы. Қазақ халқының батырлар жырлары, эпостық шығармалары, сондай-ақ домбыра мен қобыз секілді музыкалық аспаптар көшпенді мәдениетінің негізін құрайды. Көшпенділердің дүниетанымы мен философиясы өз алдына ерекше әлемді, адам мен табиғат арасындағы терең үйлесімділікті көрсетеді. Бұл мәдени мұра тек өткен тарихтың белгісі ғана емес, бүгінгі күннің өзінде қазақ халқының ұлттық сәйкестігін анықтайтын, ұрпақтар сабақтастығын сақтап келе жатқан маңызды элемент болып табылады. Көшпенділердің мәдениетіне тән ерекшеліктерді сақтап қалу үшін қазіргі заманғы технологиялар мен ғылыми тәсілдер қажет. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері, әсіресе тарихи және мәдени мұраны сақтау мен зерттеуде ерекше маңызды. ЖИ арқылы біз көшпенділердің бай мәдени мұрасын сандық форматта сақтап, оны әлемнің кез келген жерінен көруге және зерттеуге мүмкіндік аламыз. Мысалы, тарихи ескерткіштер мен археологиялық табылған заттар 3D модельдер түрінде қалпына келтіріліп, цифрлық мұражайларда сақталуы мүмкін. Бұл технологиялар өткенге көз жүгіртіп қана қоймай, оны болашақта да сақтап, зерттеудің жаңа жолдарын ашады. Көшпенділердің мәдени мұрасына қатысты ғылыми зерттеулерде ЖИ-дің көмегімен көне мәтіндер мен жазбаларды сандық түрде қалпына келтіру жұмыстары да жүргізілуде. ЖИ жүйелері арқылы әртүрлі тілдерде жазылған тарихи деректерді автоматты түрде талдап, мәдениетіміздің тереңдігін аша түсуге мүмкіндік береді. Жоғалған немесе өзгерген мәтіндердің қайта қалпына келтірілуі, сол кезеңдердегі дәстүрлер мен дүниетанымдарды тереңірек зерттеуге жол ашады. Көшпенділердің қолөнерін сақтап қалу да маңызды мәселелердің бірі. Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері, киіз басу, зергерлік бұйымдар жасау, теріден бұйымдар тігудің терең тарихы бар. Осы қолөнер түрлерін жаңғырту үшін ЖИ жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Мысалы, ЖИ көмегімен қазақтың дәстүрлі киімдерін, бас киімдер мен әшекейлерін жаңа дизайнмен қайта жасауға болады. Бұл өз кезегінде көшпенділердің қолөнерін заманауи талаптарға сай жаңғыртуға мүмкіндік береді, әрі олардың әлемдік нарыққа шығуына ықпал етеді. Жасанды интеллект, сондай-ақ, дәстүрлі қолөнердің сандық үлгілерін жасауға да ықпал етеді. Көшпенділердің қолөнерін зерттеу үшін 3D модельдеу технологиялары мен сандық дизайн арқылы олардың жаңа үлгілерін құруға болады. Бұл тәсіл қазақтың ұлттық өнерін жаңаша тұрғыда әлемге танытуға жол ашады.

Жасанды интеллекттің көмегімен мәдени мұраларды зерттеу де жаңаша деңгейге көтерілді. ЖИ арқылы көне жазбалар мен тарихи деректерді жинақтап, оларды автоматты түрде талдай отырып, көшпенді халықтарының әлеуметтік құрылымы мен тарихы туралы жаңа тұжырымдар жасауға болады. Археологиялық қазбаларды зерттеу, мәдени ескерткіштерді қалпына келтіру және бұрын белгісіз болған тарихи кезеңдерді қайта ашу үшін ЖИ құралдарын қолдану маңызды болып табылады. Мұның нәтижесінде көне дәуірлердің мәдениеті мен тарихы туралы толыққанды деректер жинақталып, оларды заманауи ғылыми әдістермен терең зерттеуге мүмкіндік беретін жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Жасанды интеллект пен көшпенді мәдениетінің байланысы болашақта мәдениетаралық диалогты дамытуға ықпал етеді. Мысалы, көшпенді халықтардың фольклоры мен өнері, ЖИ арқылы басқа тілдерге аударылып, әлемнің түкпір-түкпіріндегі халықтарға танытыла алады. Бұл өз кезегінде ұлттық мәдениеттің халықаралық деңгейде танылуына және басқа мәдениеттермен байланысты нығайтуға көмектеседі. Сонымен қатар, ЖИ технологияларының білім беру саласындағы ықпалы артып келеді. Виртуалды мұражайлар мен онлайн курстар арқылы жастарға көшпенділердің тарихы мен мәдениетін үйрету, олардың мәдениетіне деген қызығушылықтарын арттыруға болады. Бұл технологиялар арқылы ұлттық мәдениеттің құндылықтары жастар арасында тереңірек ұғынылып, келешекте сол мәдениетті сақтаушылар мен дамытушылар пайда болады. Жасанды интеллекттің дамуы көшпенділердің тарихи-мәдени мұраларын сақтау мен жаңғырту үшін жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Бұл

технологиялар дәстүрлі мәдениетті сақтау мен насихаттауға үлкен ықпал етіп, заманауи қоғамда мәдени құндылықтарды жаңаша деңгейде ұсынуға мүмкіндік береді. Көшпенділердің бай мәдени мұрасы мен жасанды интеллекттің үйлесімі ұлттық мәдениетті әлемге танытуға, оны болашақ ұрпаққа тиімді түрде жеткізуге жол ашады. ЖИ-дің көмегімен дәстүрлерімізді сақтап, әлемдік мәдениетке ықпал ету – бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі.

СОДЕРЖАНИЕ CONTENT

ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ HISTORICAL SCIENCES

ТЕМИРОВА МАРГУБА АБДЫЛДАЖАНОВА, АНАРБАЕВА ГУЛНАРА АБДУМАНАПОВНА [ЖАЛАЛ-АБАД, КЫРГЫЗСТАН] ГЕНЕРАЛ ЭРГЕШ АЛИЕВ – ТАРЫХЫЙ ИНСАН.....	3
ЕРАЛЫ БЕКЗАТ ҚАЙРАТҰЛЫ, ӨСКЕМБАЕВ Қ.С. [АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН] ХІХ ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ДӘСТҮРЛІ БИЛІК ИНСТИТУТТАРЫ ЖОЙЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ САЛДАРЫ.....	7
Б.Ы.БЕРДАЛЫ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] КҮЛТЕГІН ЖАЗУЫНДАҒЫ БАЙЫРҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ТАРИХИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ.....	11
Д.М. ОЛЖАБАЕВ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] УӘЛИХАНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ТАРИХИ КОНТЕКСТІ.....	15
АЗИРБАЙ Д. [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДА ОНЛАЙН ТАРИХИ ЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	19
А.М.САПАРӘЛІ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ САЯБАҚТАРЫНЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ КӨГАЛДАНДЫРУ КАРТАСЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ОНЫ БІЛІМ БЕРУДЕ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	23
Ә. АМАНҒАЛИЕВ [АЛМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН] МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ.....	27
ТУЛЕНОВА АСЕЛЬ АУЭЗОВНА, МЫРЗАГУЛОВА АРШАГУЛ КУАНДЫКОВНА, ИСМАГУЛОВА САЛТАНАТ СУНДЕТБАЕВНА [АҚТӨБЕ, ҚАЗАҚСТАН] ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІНІҢ ТАРИХИ- МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ЗАМАНАУИ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	31

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE



Контакт



irc-els@mail.ru

Наш сайт



irc-els.com